

Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайшақ...  
АБАЙ.

ISSN 2410-6712



9 772410 671156

«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

10-11/2020

ҚАЗАН-  
ҚАРАША

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Тарих тағылымы

- А. Б. САЛҚЫНБАЙ, Қазақ грамматологиясының қалыптасуы Ахмет  
У. У. АНАРБЕКОВА. Байтұрсынұлының жазу теориясы.....3

### Ұлттық рух

- С. ОСПАНҰЛЫ,  
К. МЫРЗАҒАЛИВА. Қазақ поэзиясындағы домбыра бейнесі.....17

### Абай әлемі

- К.АБЫЛКАСЫМОВА. Абайдың ұстаздық сөздері.....28

### Ел болашағы

- М.А БАЙТЕРЕКОВА. Дарынды балалар – ел болашағы.....36  
А.Р. ЗАЙТОВ. Саналы ұрпақ тәрбиелеу – уақыт талабы.....40

### Жас маманға жәрдем

- Г. С. НҰРМАНОВА. Дискуссивті эссе жазуға машықтандыру.....45

### Тілдер әлемі

- Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,  
А.ТӨЛЕГЕНОВА,  
Г.АБДУЛЬДИНА. “Өнер жұлдыздары” тақырыбында мәтін құрау.....54  
С.И.ҚОНЫСБАЕВА. Шет тілін оқытудың негізгі міндеттері .....63  
Т. К. ИСПУСИНОВ. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасуы.....72

### Коучинг

- П.С. АЛИМБЕКОВА. Кері байланыс – сапалы білім кілті.....83

### Қазақ тілі – ортақ әдіс, озық тәжірибе

- Г.К. КОЙШИБАЕВА. Мұқағали Мақатаев “Мен таулықпын”.....92  
Ө. АЙТЖАНОВ. Жол белгілерін білеміз бе?.....98  
Ж.М. АЛДАБЕРГЕНОВА. Ата, бата беріңіз!.....106

### Қазақ әдебиеті – ортақ әдіс, озық тәжірибе

- Д. Т. БИСЕНОВА. Қасым Қайсенов “Жау тылындағы бала” повесі.....111  
Қ.Ә. ШӘРІП. С.Сарғасқаев “Тәмшіш қара” .....117  
Н. Ә. ШІЛДЕБАЕВА. Д.Исабеков “Әпке” драмасы. “Бауыр” ұғымы.....126  
Г. А. ҚОРАБАЕВА. Әбіштің елге оралуы.....130  
М. ОКЕШ. Б.Соқпақбаев Менің атым – Қожа.....135

### Кітапхана тынысы

- А. МҰҚАШЕВА. Қазақ рухының қыраны.....139  
Т.ТІЛЕУЛЕСОВ. Ғибратты әңгіме.....142

А. Б. САЛҚЫНБАЙ,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің  
профессоры.

У. У. АНАРБЕКОВА,  
филол. ғ. д., докторанты.

## ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЖАЗУ ТЕОРИЯСЫ

Жер бетіне адам баласы аяқ басып, тіршілік етіп келе жатқанына 2, 8 млн. жылдың шамасы болып қалды. Барлық қасиетті хақ кітаптарда көрсетілгендей, Адамға алғаш әлемдегі барлық заттар атауы үйретілгені белгілі [1: 2, 32]. Ол атаулар ауызша үйретіліп, есте сақталды деп білеміз. Яғни, алғаш атаулардың дыбысталуы әуел бастан белгілі болды. Және атау дыбыстарымен қоса олардың мәні мен ұғымы да Адамға түсіндірілген болатын. Күнделікті тіршілік барысында түрлі іс-әрекеттерге байланысты кісінің танымы дамып, әр алуан атаулар пайда болады. Бір-бірімен алыстан қарым-қатынас алу қажеттілігі туу себепті хабарламаларын заттар, суреттер, таңбалар, түрлі белгілер арқылы жеткізе бастайды. Ол уақыт өте келе бүгінгі біз білетін әр түрлі сипаттағы жазудың пайда болуына ықпал еткен. Әлемнің түкпір-түкпіріне тараған адам баласының таралу аймағы, табиғи жағдайы, ауа райы секілді сыртқы факторлардың нақты себептеріне сәйкес, атауларды таңбалау, белгілеу де

түрлі жолдармен жүзеге асқан.

Жер бетіндегі барлық адам баласына тән дүниені танудың жалпыға ортақ ұғымдары бар екені белгілі. Аспанның «аспан», жердің «жер», ананың «ана», баланың «бала», әкенің «әке» екендігі (мысалдар тізбегін тоқтаусыз жалғастыруға болады) – барлық адамзат үшін ортақ түсінік. Атаулардың ұғымы, әлемді жалпы тану адамзат баласына ортақ, тек уақыт өте келе оларды дыбыстау мен таңбалау жолы әр жерде әр түрлі болып қалыптасады. Яғни, сөйлеуіміз, жазуымыз әр түрлі болып өзгерген. Әрине, қазіргі таңда туыстас тілдермен қатар туыс емес тілдерде де ұқсас сөздер жиі кездесетіндігі ешкімді таң қалдырмайды. Себебі, бастау бір жерде жатыр. Ал, тілдердің туыстас, туыстас емес деп бөлінуі ұқсастықтардың азды-көптігіне, тарихи тұрғыдан көрші тұруларына қарай болғанымен, бұл тілдер тобының түбінде туыс болып шығатындығын терең зерделеу қажет деп пайымдаймыз. Мысалы, түркі тілдер тобына жататын қазақ тілі мен үндіеуропа тілдерінен тараған үнді (хинди) тіліндегі дос (dos)=□□□□□ (dost), дұшпан (dushpan) =□□□□□□□ (dushman) сөздері жазылу жолы бөлек болғанымен, дыбысталуы мен ұғымы бір. Мұндай үдерістердің қалай жүзеге асқандығы, қанша уақытты меншіктегендігі жайлы тарих, тіл білімі сынды ғылым салаларында түрлі зерттеулер жүргізіліп, бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді, көріп келеді де. Себебі бұл сұрақтар әлі де нақты шешімін тапқан жоқ.

Сонымен, бүгінгі таңда әр елдің өзіне тән жеке тілі, көпшілігінің жеке жазуы бар. Әрқайсысы өз алдына

бірегей. Сол секілді түркі тілдер тобына жататын қазақ тілі де – тамыры тереңде жатқан, ғасырлар бойы дамып жетілген ерекше сұлу тіл. Бұл мақалада біз жазудың ғылым саласы ретінде алғаш қалыптасуы мен оның қазақ жеріндегі негізін салушы ғалым жайлы сөз етпекпіз.

Ғалымдардың айтуы бойынша, ең алғашқы жазу түрлері кемінде осыдан 5-6 мың жыл бұрын қалыптасты. Көне жазу түрлеріне гүл және бағалы тастар тілі, кюпу жазуы (Перуандық инктер пайдаланған) вампус жазуы (Солтүстік Америка үндістері пайдаланған), жіп жазулары, одан бері Майя, Ацтек, Симерия, Египет, Қытай жазуларын жатқызады.

Лингвист-ғалымдар жүздеген жылдар бойы жазуды зерттеп келе жатқанымен, оны жеке ғылым ретінде ұсынып, жазу туралы ғылымға грамматология деген атау берген поляк ғалымы Игнес Джей Гельб болды. Ол алғаш **1952 жылы кейіннен 1963 жылы қайта басылып шыққан «A study of writing» («Жазу жайлы зерттеу»)** деген кітабында былай деп жазады: «Бұл кітаптың мақсаты әлі жазылуы керек жазу туралы толық ғылымның негізін қалау. Бірнеше жыл бұрын жазу туралы Англияда жарияланған кітаптың атауы ретінде қолданылған «грамматология» терминінің ізін жартылай жалғай отырып, жаңа ғылымға біз «грамматология» атауын берсек болады. Меніңше, бұл термин түсінбеушілікке алып келетін «графология» немесе («филологияға» қарама-қарсы қалыптасқан) «филография» терминіне қарағанда жақсы сай келетін сияқты. Басқалары «грамматология» сияқты нақты

емес» [2: 23].

Грамматология жазудың типологиясын, графикаларды, олардың талдауларын, жазу мен сөйлеудің қарым-қатынасын қарастырады. Бұл қатарға жазу тарихын да кіргізетін ғалымдар бар. Бұл терминді кейіннен француз философы **Жак Деррида 1967 жылы жарық көрген «of Grammatology» («Грамматология жайлы» атты кітабында** басқа қырынан танытты. Ол жазудың сөйлеудің қарапайым қайта тудыру формасы ғана емес, жазу арқылы берілген ойлардың білімнің табиғатына, жалпы сипатына зор әсер ететіндігін көрсеткісі келді.

Сонымен, кең және қысқа мағынасында да **грамматология термині** – жазу туралы, яғни, жазуға қатысты зерттеулер жүйесін құрайтын ғылым. Бұл саламен айналысатын ғалымды **грамматолог ғалым** деп атасақ керек. **Ал, қазақ грамматологиясының алғашқы грамматологы кім? Қазақта жазуға алғаш анықтама беріп, оның түрлерін көрсеткен, жазу мен сөйлеудің ара-жігін ажыратқан ғалым кім болды?** Әрмен қарай мақала осы бағытта өрбімек.

**«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниядағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді»** [3: 141]. Бұл жолдар – қазақ тіл білімінің негізін салушы, түркітанушы, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, педагог, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлына тиесілі. Тілді қарым-қатынас құралы ғана емес, адамды

басқа жаратылыстардан ерекшелейтін, АДАМ ететін адамдық белгісінің ең мықтысы екендігін дөп басып айтып өтті. Және де қазіргі таңда адам адамды қарумен емес, сөзімен жеңетінін түсініп, тілдің қару екеніне мән берген. Әрине сөздің артында білім тұрғандығы түсінікті. Тілдің қаншалықты маңызды екендігін көрсете отырып, жазудың маңыздылығының тіл маңызынан кем емес екенін жеткізіп отыр.

***Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық әліпбиін алғаш жасап шығарған реформатор.*** Қазақ грамматикасы бойынша терминдер атауларын алғаш қазақи етіп жасап, ұсынушы. Қазақ балаларының сауатын ашуға арналған «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектердің авторы.

***Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ грамматологиясының негізін қалаушы ғалым.*** Бұлай деуімізге негіз бар. Алдын айтып өткеніміздей, грамматология жазудың не екендігін, яғни, анықтамасын, типологиясын, жазу мен сөйлеудің байланысын қарастырады. Ал, қазақ ғалымдарының ішінен жазу дегеніміз не, жазу мен сөйлеудің айырмашылығы қандай, тіпті жазу мен оқудың байланысы жайлы алғаш пікір білдірген, қазақ тіліне жазуы ыңғайлы болу үшін қазақ тілі заңдылықтарына сай келетін ұлттық әліпбиін жасаған қазақ ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы болды. Сөзіміздің дәйектілігін Ахмет Байтұрсынұлының тұжырымдарын жіктей отырып, бірнеше жүйеге бөлу арқылы келтіргіміз келеді: *жазу және сөйлеу; жазу және дыбыс; жазу*

және оқу; жазу типологиясы; жазу және емле; жазу және жазуда қолданатын белгілер.

**Жазу және сөйлеу.** «Біздің заманымыз – жазудың заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде, сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [3: 141]. Бұл жерден ұғыну керек ақпаратты бөліп көрсетсек:

- 1). Жазу – заманның маңызды (байланыс) құралы;
- 2). Сөйлесудің екі түрі бар: жазумен сөйлесу және ауызбен сөйлесу;
- 3). Жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуге қарағанда маңыздырақ болып келеді;
- 4). Ауызбен сөйлесудің кемшілігі – алыстан ауызша сөйлесу мүмкін емес;
- 5). Жазумен сөйлесудің артықшылығы – алыс қашықтықтан сөйлесу мүмкіндігін береді;
- 6). Адамға сөйлей білу қажеттілік болып табылады;
- 7). Адам үшін жаза білу қажеттілігі сөйлей білу қажеттілігінен артық;
- 8). Адамның жүйелі, қисынды сөйлеуі маңызды және ол қандай маңызды болса, жазғанда да сөзді жүйелі, қисында етіп жазу өте маңызды;
- 9). Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жазудың өз



жолдары бар және оны оқып, үйрену керек;

*10). Жазғанда, сөздердің өз орындары болады және ол орындар өзгеріп отырады және олардың біріне-бірі қиындасуының, жалғасуының белгілі дағдылары бар. Жүйелі жазу үшін осыларды білу қажет.*

Ғалымның сөзінен жазу мен сөйлеуге қатысты нақты он маңызды мағлұмат алдық. Оның әрқайсысын жеке-жеке талдап, тарқатып, олардың төңірегінде қаншама қомақты материалдар жинап, терең сөз қозғауға болады. Бұл аталған ақпаратты Ахмет Байтұрсынұлының грамматология саласына, оның ішінде жазу мен сөйлеудің байланысы деген бөліміне қосқан нақты 10 теориялық негіздемелері деп атағымыз келеді.

*Жазу және дыбыс. «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз»* [3: 332]. Осы мақаланың кіріспе бөлімінде айтып өткендей, адам баласы атаулардың дыбысталуы мен ұғымын білді. Ал, дыбыстарды таңбалау жазу екен. Швед ғалымы Фердинанд де Соссюрдің алғаш **1916 жылы жарық көрген «Жалпы тіл білімі курсы» атты еңбегінде** былай деп жазады: *«Тіл мен жазу екі бөлек таңбалар жүйесі; екіншісі біріншісін көрсетудің негіздік мақсатында өмір сүреді»*[4: 23]. Осы жерде, яғни, жазудың дыбыстың таңбасы екендігін айту арқылы екі ғалымның пікірлері түйіседі. Дегенмен, әрмен қарай Ф. Де Соссюр тіл білімінің зерттеу нысаны сөздің жазу формасы мен ауызша сөйлеу формасы емес, тек ауызша сөйлеу формасының өзі нысанды құрайтынын айтып, жазудың рөлінің төмен екендігін көрсетеді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы әр

елдің дыбыстарының өз таңбасы болатынын және таңба, яғни, жазу арқылы дыбысты танитынымызды тілге тиек етіп, жазудың оң рөлін көрсетеді.

Әрмен қарай Ахмет Байтұрсынұлы жазу әріптердің суретін салу дей отырып, жазуға таңбадан кеңірек ұғым береді. Яғни, алдын жазу дыбыс таңбасы десе, енді дыбыс таңбасының орнына әріпті қойып, жазу сол әріптердің тізбегі деп жазу ұғымын кеңейте түседі. Және сол дыбыстарға арналған әріптер болатынын, оларды тани білу керектігін, таныған әріпті жаза білу керектігін әрі жазған әріпті дыбысымен айта білу керектігін нақты көрсетеді. Бұл өз кезегінде адамды сауатты және өркениетті етпек.

Демек, Ахмет Байтұрсынұлы жазу мен дыбысқа қатысты өзінің тұшымды тұжырымдарын қалдырған. Бұл тұжырымдар өз кезегінде, қазақ тіл ғылымының жазу туралы саласына негіз болуға әбден лайықты.

**Жазу және оқу.** Ғалым жазуды дыбыс таңбасы дәрежесінен әріптер тізбегі дәрежесіне көтерумен шектелмеді. **1928 жылы жазған «Қай әдіс жақсы» атты мақаласында** жазу сауаттылықтың негізі деп жазу ұғымының аясын одан әрі кеңейте түсетін тұжырым айтты.

**«– Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз?**

**– Оқи да, жаза да білетін адамды айтамыз.**

**– Оқи біліп, жаза білмейтін адам бола ма?**

**– Болады. Ескіше үйренгендердің көбі-ақ оқи біліп, жаза білмейтін.**

**– Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар.**

**– Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма**


– Жоқ. Жаза білетіндер оқи да біледі. Олай болса, сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? – Әрине, жазу болады» [5: 3-11].

Ахмет Байтұрсынұлы осы сөздері арқылы жазудың қоғамдағы, адам өміріндегі маңызын нақты көрсетіп қойды. Қоғамда әрбір адамның сауатты болуы, яғни, жаза да оқи да алуы тиіс. Ғалым сауаттылыққа мұқтаждықты оқу емес жазу тудыратынын атап өтті. Ал, оқуды жаза білумен бірге үйреніп кететін қосалқы білім деп есептеді. Бұл жерден оқудың маңызы жоқ екен деп қате ұғынып қалмаған абзал. Тек жаза білудің орны оқи білуден жоғарырақ екенін түсіну қажет. Жазу жоқ кезде оқу болмаған. Бұл дегеніміз, жазу оқудан бұрын пайда болып, содан кейін оны оқу қажеттілігі туғандығы түсінікті.

Ғалым тұжырымдарынан байқайтынымыз, жазу ұғымының аясын бірте-бірте кеңейтіп келеді. Осылай ұғынсақ болады, немесе жазудың жан-жақты қызметі бар деп тұшынсақ та болады. Қалай дегенде де, мұнда мән беретін жәйт ғалымның жазуға түрлі аспектіден қарап, түрлі анықтамалар бергендігі. Жазудың маңыздылығын оқырман қауымға айтарлықтай жан-жақты ашып көрсете білгендігі. Және де жазудың оқумен де байланысының тығыз екендігін де нақты атап өтті.

**Жазу түрлері.** Ғалым *«Қай әдіс жақсы» атты мақаласында* ағылшын, америка, француз, қытай, итальян, түркі тілдерінің жазу жүйесін сөз етеді. Кей елдер жазу үшін әріп алса, кей елдер таңба алады. Әр тілден мысалдар келтіріп, дыбыстар мен әріптердің сәйкестігі әңгіме болады. Түркі тілдер тобына жататын

тілдерден қазақ пен қырғыз тілін қарастырады.



Төмендегі суретте ғалымның бөлген жазу тобы көрсетілген:

**Сурет – 1 Жазу түрлері [5: 3-11].**

**Жазу және емле.** Ахмет Байтұрсынұлы сол кездегі тілдерді қарастыра келе, сол күнгі қолданылып жүрген емлелерді төрт жүйеге бөледі: таңбаша жүйе, дағдыша (тарихша) жүйе, туысша жүйе, дыбысша жүйе. Алғашқысы таңба негізді жазумен негіздес тәртібі бір емле. Бұл жүйеге қытай тілін жатқызады. Дағдыша емле деп бұрыннан қалыпты түрде қолданылып келе жатқан емле. Бұл емлеге ағылшын тілін мысал етеді. Ал, туысша емлеге орыс тілін жатқызады. Бұл емле тек басына қарамай басқа түбірлес туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле. Соңғысы сөз дыбыстарын қалай естісе солай жазу қолданатын емле. Бұл жүйеге итальян, неміс, қазақ тілдерін жатқызады.

Сөздің айтылуы мен жазылуы алыстаған сайын емленің тәртібі таңба негізді емлеге жақындайды екен. Әріп негізді емлелердің идеалды нұсқасы айтылу мен жазылудың бірдей болуы деп білеміз. Бұл ретте, соңғы көрсетілген емле жүйесін үйренгенге де, үйреткенге

де, қолданысқа да ең ыңғайлы екендігі түсінікті. **«Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі – қазақта»** [6: 113].

*«Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек»* [6: 110]. Ғалымның сөзіне сай, емле тілдің барлық заңдылықтарын сақтап, жазғанда ыңғайлы болатындай, оны оқу және оқытуға қолайлы болатындай, тілдің ажарын беретіндей болғаны жөн. Жазу мен емле тақырыбын түрлі мысалдар беру арқылы талдап, талқылау үшін келесі мақаланың еншісіне қалдырамыз.

**Жазу және жазуда қолданатын белгілер.** Грамматология саласы жазудың өзінен бөлек жазу барысында қолданылатын белгілі бір мақсаты бар белгілерді де қарастырса керек. Әр елде ол белгілердің атауы бөлек. Ал, қазақ тілінде суреттеріне қарап әркім әрқалай атап жүрген болатын. Ғалым **1928 жылы жарық көрген «Тіл жұмсар» атты оқу құралында** жазуда қолданатын белгілерге ат қойды. Және онда ғалым белгілердің суреттеріне ғана қарап қоймай, олардың жұмсалатын орны мен қызметіне де мән берді.

**Төменде жазуда қолданатын белгілер мен**

**олардың қызметі ғалымның өз сөзінен берілді:**

**Тыныстық (.)** – дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі.

**Жапсарлық (, )** – дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі. Сөз арасының олай ашылуы көбінесе сөйлемдер қосылған жапсарлық жерінде болады.

**Қосарлық (=)** – сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында, немесе біріне-бірі жедел екі сөз қатарынан айтылған орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі.

**Тастарлық (-)** – жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі.

**Дәлдеулік («»)** – бұлжытпай дәлдеп жазып көрсетерлік жерде қойылатын белгі»[3: 337].

Белгілер атаулары әрқайсысы жұмсалатын орны мен атқаратын қызметіне қарай мағыналары да сәтті қойылған. Бұдан ғалымның ойының ұтқырлығы мен шеберлігін тіл үшін дұрыс қолдана білгенін көреміз. Бұлай дейтініміз, бұл белгі атауларын тіл иелеріне қабылдау оңай болады. Себебі, өз тілінде берілген атаулар арқылы белгінің қолданылатын қызметін әрі орнын өзінің білімімен ассоциация жасау арқылы меңгеру жеңіл болмақ. Өкінішке орай бүгінгі таңда бұл белгі атаулары қазақ тілінің қолданысында жоқ. Біз орыс тілден аударылған нұсқаларын қолданамыз. Дегенмен де, бұл ғалымның жазуда қолданатын тыныс белгілеріне де қазақ ғалымдарының арасынан алғаш мән беріп, шешімін көрсеткендігі, тіл ғылымының бұл саласында да ерен еңбек еткендігінің дәлелі.

Қорыта келгенде айтарымыз, **қазақ тіл ғылымында тілге қатысты мәселелердің ауқымды қатарын зерттеп, оның ішінде жазуға түрлі аспектіден қарап, мәнін аша білген біртуар ғалым, қазақ грамматологиясының негізін қалаушы лингвист – Ахмет Байтұрсынұлы.** Бұл жерде мән беретін жағдай грамматология термині ең алғаш тек 1952 жылы ғана

ұсынылды. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы жазуға қатысты тұжырымдарын 1912-1928 жылдар аралығында жазып қалдырды. Жазуға жан-жақты сипаттама беріп, жазу мен сөйлеудің, жазу мен дыбыстың, жазу мен оқудың байланыстарын нақты айқындап жазып, жазудағы емле жүйелерін бөліп, жазудың өзін топқа жіктеп, ізбасар шәкірттеріне грамматологияның теориялық негіздерін қалдырып кеткендігі үшін Ахмет атамыз қазақтан шыққан грамматологияның негізін қалаған алғашқы грамматолог ғалым деп атауға әбден лайық. Бұл мақалада ғалымның сөздерін, тұжырымдарын жіктеп көрсету арқылы оқырман қауым Ахмет Байтұрсынұлының жазу ғылымы саласында жасаған еңбектерінің ерен екендігіне ендігі жерде еш күмән келтірмейді деп сенеміз.

Қазақтың бірегей тұлғасы, көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері әлі тереңдей зерттеуді қажет етеді. Ғалымның жұмыстарын оқи отырып, осыдан тура бір ғасыр бұрын өмір сүрген атамыздың білімінің тереңдігі, ойының ұшқырлығы, тілге деген сүйіспеншілігі, тілдің табиғи заңдылықтарына деген беріктігі, ғылымға деген адалдығы, жан-жақты ізденімпаздығы, қазақ халқына деген шынайы жанашырлығы, еліне деген шексіз махаббаты, мінезінің өткірлігі, өзіне деген сенімділігі, «*Тіл – құрал*» арқылы (өзінің айтуы бойынша) қазақ тілін қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытқандығы ғалымның барлық құрмет пен атаққа лайықты екендігіне көзімізді жеткізеді. Ғалымның

адалдық пен ізденімпаздықты, еңбекқорлықты талап ететін ғылым алаңындағы салған сара жолы, өмір жолы, аса құнды еңбектері біз секілді келесі замандық із жалғаушы шәкірттеріне тілге қызмет ету жолында ерекше күш-қуат береді.

### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. «Құран Кәрім», Бақара сүресі, 32 аят
2. A study of writing, I. J. Gelb revised edition, the University of Chicago Press, 1963 – 343 p.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: Ана тілі, 1991. - 448 бет.
4. Ferdinand de Saussure Course in General Linguistics, Philosophical library. - New York, copyright, 1959.
5. Қай әдіс жақсы? // Жаңа мектеп. – 1928. - № 4. – 3-11-б.
6. Қазақша сөз жазушыларға // Шора. – 1913. - №4. -110-113-б.
7. Jacques Derrida Of Grammatology translated by Gayatri Chakravorty Spivak, The John Hopkins university Press, corrected edition, 1997.
8. Байтұрсынұлы Ақымет, Тіл жұмсар (сөйлеу оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын I кітап. – Қызылорда: Қазақстан, 1928.



## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДОМБЫРА БЕЙНЕСІ

### *Аңдатпа*

*Қазақтың музыкалық аспабы – домбыра біздің дәуірімізге дейін төрт мың жыл бұрын дүниеге келіпті. Бұл аспапты қазақ жанына балайды.*

*Халық өлеңдеріндегі, елімізге белгілі атақты ақындар поэмаларындағы, жалпы қазақ поэзиясындағы домбыра бейнесі қандай?*

*Мақалада соның қыр-сыры ашылады.*

### *Түйін сөздер:*

*домбыра, екі ішек, серік, музыка, күй, күйші, қоңыр.*

Қазақ ақындарының домбыра, күй, күйші жайында жазған өлеңдері мен поэмалары, кітаптары аз емес. Илияс Жансүгіровтің «Көбік шашқан», «Күй» (1929), «Күйші» (1935), Хамит Ерғалиевтің «Құрманғазы» (1958), «Күй дастан» (1970), Қалижан Бекқожиннің «Ақсақ құлан» поэмалары мен ұзақ дастандары, Қадыр Мырзалиевтің «Домбыра» (екі кітап, 1971 және 1974), «Саз сиқыры» (1982), Жұмекен Нәжімеденовтің «Күй кітабы» (1967), «Кішкентай», Орысбай Әбділдаұлының «Сөз бен Саз» (2001) кітаптары соның айғағы. Газет-

журналдарда жарық көрген «Домбыра» деп аталатын өлеңдер қаншама?!

Домбыра біздің дәуірімізге дейін 4 мың жыл бұрын жасалыпты. *Оған Алматы облысы, Жамбыл ауданының Майтөбе жайлауынан табылған тасқа қашалып салынған домбыра суреті куә.* Содан бері қаншама жылдар өтті?! Домбыра қазақтың ең сүйікті жан серігіне айналып, халыққа қызмет етіп келеді.

Қазақтың қара өлеңдерінде домбыра екі ішекті ку қарағай, тоғыз пернелі, мойны ырғай, құлағын оң бұрамаса әнге де, күйге де келмейді, жонылған тиегі талдан, жұқа қақпағы қарағайдан жасалған, іші қуыс, сырты тақтай, күй тесігіне шығатыны (кітапта «тесігі» делінген, қазақ бұл анайылау сөзден қашып, «ойығы» дейді- С.О.) айтылады.

Бейнесін, бөлшектерін ғана айтып қоймай, оның атқаратын қызметі мен қандай түрлері бар да әдемі көрініс табады; домбыраға атқан оқ дарымайды, кісенің де, қақпаның да түк қыла алмайды, көңілдің тазартқышы, өмірсерік, басына үкі тағылған, оның бүктемелі түрі де, күй домбыра да кездеседі. Халық әндерінде домбыраның мойынын аққуға, үнін қазға теңеуі де жиі ұшырасады. [1, 158 б.] Домбыра – өте қарапайым. Өйткені қазақ бұл аспапты өзінің көшпелі тұрмысына лайықтап, ат үстінде де, түйе қомында да алып жүруге, оңқай да, солақай да тартуға қолайлы етіп жасаған.

*«Қазақ халқының 1000 әні»* кітабының алғысөзінде А.В. Затаевич: *«Сырт көзге сұрықсыздау көрінетін домбыра шебер орындаушының қолына тигенде, өз шамасынан әлде қайда асып түсіп,*

құлпырып шыға келетініне қайран қаласыз, – деп жазады. – *Ол бірде әндетіп, не үрмелі аспап үн шығарғандай есіле егіліп, біресе дыбыстар аспапқа шоқ шашқандай көздің жауын алып, яки болмаса жалт-жұлт еткен үн шапшаңдығымен есіңді алады!»*

Халық ақындары өлендерінде домбыраның түсіне де мән беріледі.

*«Ақ домбырам түсімде мазамды алды» – Кенен Әзірбаев [ 2,60 б.]*

*«Қолына сары домбыра алған сырлап» – Бақтыбай ақын [3,62 б.]*

*«Домбырасы Толғанжан қызыл екен...» – Түбек Байқошқарұлы [3, 42-44 бб.]*

**Ілияс Жансүгіров:**

*Домбыра, сенде мін бар ма?*

*Мінсіз болсаң, тіл бар ма?*

*Тіл жоқ деуге бола ма,*

*Тілден артық үн барда!*

*Домбыраның күші мол*

*Көмейінде үн барда! [4,419 б.] – дейді.*

**Өте әдемі тауып айтылған домбыра бейнесі – осы!**

Мәселе қай заттың да, кімнің де, ненің де осы түр түсінде, ұзын-қысқалығында, формасында емес, іс-қимылында, пиғылында, атқаратын қызметінде. Домбыраның құдірет-күші – қоңыр үнінде!

*Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын,*

*Орнына өз өрнегін сызатұғын.*

*Талқандап жас кереңді үн оятып,*

*Дүкені дүниенің қызатұғын.*

*Күй күшті, істі, еңбекті сүйдіретін,  
Тамырын тас емшекті идіретін.  
Жарлының тілек күйі, жүрек күйі  
Өмірді білдіретін, күлдіретін, –*

дейді тағы да арқалы ақын.

***І. Жансүгіровтің «Күй» поэмасында домбыра үні:***

*Шаңқылдап бірде аспанда тау қыраны,  
Күрпілдеп бірде бие саудырады.  
Майдалап бірде қоңыр самал соғып,  
Бұрқ-сарқ бірде нөсер жаудырады.*

Домбыраға жан бітіріп сөйлетеді. Қиялына ерік беріп оның үнін бірде тау қыраны етіп аспанға ұшырады, бірде ақ нөсер етіп жаудырады. Нанымды, шынайы суреттер. ***Есіңізге «Нар идірген» күйі түседі.*** Домбыра үнінің нардың да тас емшегін жібітуі – құдіретті тылсым күш қой! Аңыз түбі шындық. Музыканың ырғағын түсіну адамдарға ғана тән емес екен. 2011 жылы зерттеушілер Қар деген аппақ тотықұс музыканың ырғағына қарай билей алатынын дәлелдеді. «*Сол сияқты жануарлардың қатысуымен түсірілген 1000-ға тарта бейнероликтерді сараптау барысында тағы 14 тотықұстың және бір пілдің музыка ырғағын айыра алатыны белгілі болды. Сынаққа қатыстырылған шимпанзе, мысық, иттердің бірде-біреуі ырғаққа ілесе алмапты*» [14.03. 2013-Б.22].

***Халық әні:***

*«Кел, екеуміз, домбыра, қосылайық...»* [5,82 б.]

***Естай Беркімбайұлы:***

*«Ертістің арғы жағы – Арқанаты,*

*Әншінің домбырасы – қолқанаты...»* [5,192 б.]

**Кенен Әзірбаев:**

«Домбыра, қайда барсам тастамаймын,  
Ән менен сенсіз өлең бастамаймын...» [5, 233 б.]

**Жүсіп Қыдыров:**

«Батыр менен ақынның жан серігі  
Жырлағаның сәулелі таң шеруі...» [6, 21 б.]

**Орысбай Әбділдаұлы:**

«Жан тоғайтар азығым,  
Сезім, күйім, серігім...» [7,36 б.]

Қазақ домбырасыз ән айтпаған. Домбыра – сүйемелдеушісі, қолғанаты, «үніне өрнек қосып» (Кенен) әуенін әрлеуші: Домбыра мен әнші қосылмай әннің сәні келмейді. Сондықтан да Молдабай ақын ақ жібегі болмаса, үйдің, шым ордасы болмаса, шидің, егескен жауын мұқатпай ердің, кара жерден қар кетпей, көкорай шалғын, жер кеппей жердің, үйрек ұшып, қаз қонбай, көлдің, қызыл-жасыл киінбей қыздың, бозбала жиылмай жырдың сәні келмейтінін түйдектете жырлай келіп:

«Молдабайдың әні еді, домбыраның сәні еді», – десе,

**Ханенхан Талғаров:**

Домбырасыз сән қайда,  
Домбырасыз ән қайда?! – дейді [5,487 б.]

«Домбыра – қазақтың жаны» дейді халық.

**Тұманбай Молдағалиев өлеңін оқиық:**

Домбыра ғана біліпті,

*Қазақтың барлық қайғысын.  
Кімің бар одан сүйікті,  
Шаппай бер оның бәйгесін.*

*Қайтпаған шерін батырдың,  
Домбыра гана қайтарды.  
Айтпаған жырын ақынның  
Домбыра гана айта алды.*

*Атадан қалған сол мұра,  
Ұрпаққа бізді жалғай ма.  
Әркімнің жаны домбыра,  
Тек тарта білер қол қайда? [8,238 б.]*

Домбыраның тілін түсініп, үніне ұйыса, иә, кім-кімнің де жаны домбыра. Қазір домбыраны жанындай сүйетін басқа ұлт өкілдерінің қатары да жыл сайын өсіп келеді. Солардың бірі – домбыра тартып, ән салып, талай ақындар айтысының көркі болған **ақын Надежда Лушникова**.

Домбыра іштегі шер-шемен болып қатқан мұң-зарды, қайғыңды жібітіп, бөліседі. Жаныңды қуаттандырады, шуақтандырады.

### **Мұқағали Мақатаев:**

*Өсірген өнерімді қызыр бабам,  
Үніңнен айналайын бұзылмаған!  
Киелі пернеңе бір қол соқпасам,  
Шектерің жетімсіреп ызыңдаған.  
Домбырам, досым менің күй аңсаған,  
Өзімді, өмірімді қиям саған.  
Шағымда шабыттанған, қиялданған,*

*Шанағың бар шаттығын құяр маған.*

[9,51 б.]

Домбыра – шешен де, көсем, оң жолға бастап ақыл айтар абыз.

***Орысбай Әбділдаұлы:***

*Шешендігің бір төбе,*

*Көсемдігің бір төбе.*

*Өртейсің-ау өн бойды,*

*Өрт қойғандай білтеге.*

*Абыздығың анық-ты,*

*Нағыздығың анық-ты.*

*Күмбірлеген шанағың,*

*Ғасыр үнін танытты.*

*Сыршылдығың ежелден,*

*Жыршылдығың ежелден.*

*Жібітпесең жанымды,*

*Жан-жағымды сезер ме ем?! [10, 36 б.]*

***Байбота Серікбаев:***

*Домбырам менің,*

*Домбырам менің,*

*Шежіре бар-ау сенде де нәзік.*

*Ақан мен Мәди*

*Мөлдір әндерін*

*Кетіпті тоғыз пернеңе жазып.*

*Жебедің көпті қиындықтарда,*

*Көгінде жұрттың қалқытып күйді.*

[11,23 б.]

*Жебеуші, мейірімді.*

*Махаббат жыршысы:*

*«Бұл домбыра тартып сырды жүректен,  
Талай ғасыр махаббатты жыр еткен!!»*

**Ілияс Есенберлин** [11,87-88 бб.].

**Ақұштан Бақтыгереева** тарихтың том-том кітапқа жүк болар тарихын бабаларымыз қос ішек пен он пернеге сыйдырғанын жыр етсе [12.23 б.],

**Төлеген Қажыбаев** өлеңін жазған **Алтынбек Қоразбаевтың** халыққа кең тараған «**Азугай, домбырасында**» домбыраның шанағы күй төккенде, әсем әуен дала кезіп, сезім сел болады, шанағынан аққу ұшып, қаздар қалқып шығады, тұлпарлар тұяғының үні естіледі.[107 б.]

**Шәмшібай Сариевтің** «**Домбыра туралы балладасында**» (Әнін шығарған **Кеңес Дүйсекеев**) «Домбыра – қазақтың жүрегінің дүрсілі, бабамыздың, анамыздың жүрегі сонда! Домбыра – Қазақтың жүрегінен жаралған, халықтың арман-мұңын бүгінгі ұрпақтарына жеткізуші [5,468 б.]»

**Ақын Ұмтыл Зарыққан** «Домбыра, сазың-саумал, үнің балдай», – деп қос ішектің бірін аққуға, бірін қазға теңесе, **Әділғазы Қайырбеков** «**Домбырасы**» намысыңды қайрайды, жігерінді жаниды, бұлтсыз күнгі найзағай боп жарқылдап, рухынды көтереді[14].

*Домбыра – ұлттық рухымыз!*

*Домбыра – қазақтың бағы:*

*Бақыт жайлы толғам көп,*

*Менің бағым – домбыра.*

*Майсаңдап күй шертпесе,*

*неге керек қол мына!*



*Күрек ұстай білмесем, –  
Қайғырмас ем,  
ал, бірақ домбыра ұстай білмесем,  
Күйдің мәнін, сүйсінбесем, әрі ұғынып,  
Өлер едім, жүрегім  
Қасіреттен жаралып! [15,258 б.]*

**Жұмекен – домбыра, күй, күйші жайында ең көп жазған қаламгер.**

**Домбыра – еміші:**

Ақын «**Шүкіровтің домбырасы мен өзі туралы**» деп аталатын өлеңінде (Баллада деуге де болады – С.О.) ақын Зейнолла Шүкіровтің ауруханадағы қалжағдайын суреттейді.

*Дәрігерлер Зейноллаға уыс-уыс дәрі береді. Алайда олары ем болмайды. Дәрігерлер ақынның қасында тұрған домбыраны көріп, -тартшы, – дейді, тартады. «Абылай» мен «Балқаймақты» тыңдап алып, қақпағын сипап көріп – Домбыра – сау, сондықтан емханаға жатпайды», – деп, дәрігер домбырасын алып кетеді. Домбырасыз қалған жыршы батылдығынан да айрылады. Айнала мұңкіген дәрі исі. Сол түні ол домбырасыз жалғыз жатады. Ертесіне ауруы күшейіп, сандырақтап, әлде кіммен айтысып, аласұрады. Қасында жатқан бір шал «домбырасын беріңдер, сонда ғана тыншиды», – дейді.*

Романтикалық сарында жазылған өлең астар-түйіні-өмір бойы жолсерік еткен, мұңдасы да, сырласы да болған домбырадан ажырау – ақын үшін азап, одан ұзаса ауырады.

*Ақын, күйші жанының емі – домбыра!*[15, 124-127 бб.]

*Жұмекен – кәсіпқой дәулескер күйші. Күй тілін түсінетін қазақта бір ақын болса, ол – Жұмекен!* Домбыраның қоңыр үнінде бір құдірет барын білген соң айтып отыр.

*Ұлы Абай:*

*«Ішек бойлап он саусағың жорғаласа,  
Бейіштің үні шығар қоңыр салқын», –*

деп бекер айтпаған. Қоңыр үн адам ағзасына әсер етіп, жанын жадыратып, ләззатқа бөлейтіні қазір дәлелденгені анық.

Қоңыр-бояу, байсалды, асықпай-аптықпай әр дыбысты әрлеп, әспеттеп сұлулығын сақтап жеткізу. Сонда жанға жайлы, жүрекке қонымды, көңіл-қошыңды келтіреді. ***Қазір бұл қоңыр үнді бүкіл әлем мойындап, соған көшуді ойластыруда.***

Домбыра – кешегі хан Абылайдың, Махамбеттің, Кенесарының інісі Наурызбайдың тағы басқалардың дем берушісі, ұраншысы!

Фариза Оңғарсынова Қаршыға Ахмедияровқа арнаған ***«Домбыра» деген өлеңінде*** күй үні тебіреніп, төгілгенде, көз алдына сарбаздарын самсатып, ақ найзасын озбырлыққа сұққалы келе жатқан Сырым Датов елестейтін, домбыра Тәттімбет боп сұңқылдағанда, еңсең көтеріліп, күйшіні Күй Құдайы Құрманғазының өзі ме деп те қалатынын айта келіп өлеңін:

*Домбыра! Өмір шерін шаш мәңгіге,*

*Қазақты өлім-жұттан арашалап!* – деп түйіндейді. [Домбыра // Қазақ әдебиеті, 24.03.2006.].

*Домбыра – қазақ халқының жанашыры, ажалдан да арашалап алып қалады.*

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Қара өлең.-Алматы: Жазушы, 1989.
- 2.Әзірбаев К. Шығармалар. А.
3. Байқошқарұлы Т. Бес ғасыр жырлайды 2 т. Жазушы, 1991.
- 4.Естен Ш. Саз әлеміндегі сансыз қызықтар // № 46. 14.03.2013.
5. Ауыл кеші көңілді. Алматы: Қайнар 1986.
6. Қыдыров Ж. Гүл атқан шақ.- Алматы: «Жалын» баспасы, 1979.
7. Әбділдаұлы О. Шапғат «Жеті жарғы», 1998.-30 б.
- 8.Молдағалиев Т. Домбыра. Қазақ Совет поэзиясының антологиясы. Бірінші том.-Алматы: «Жазушы», 1971.
9. Мақатаев М. «Дариға, домбырамды берші маған», Өмір-өзен.-Алматы: «Жазушы», 1970.
10. Әбділдаұлы О. Шапағат.-Алматы: «Жеті жарғы» 1998.
- 11.Серікбаев Б. Жұлдызым жоғары. – Алматы: «Жалын» 1981.
- 12.Бақтыгереева А. Домбыра. Жайық қызы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1980.
13. Зарыққан Ұ. Домбыра // Қазақ әдебиеті 20.10. 2016.
14. Қайырбеков Ә. // Қазақ әдебиеті 15. 01. 2010.
- 15.Нәжімеденов Ж. Менің топырағым.- Алматы: «Жазушы», 1985.
16. Оңғарсынова Ф. // Қазақ әдебиеті 24. 03. 2006.

## АБАЙДЫҢ ҰСТАЗДЫҚ СӨЗДЕРІ

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылық жолын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, адами, ақындық тұлғасын көркем әдебиетте сомдап жасаған М.Әуезов ұлы ақынның халықтың, қоғамның ертеңгі болашағы жастар деп, оларды оқыту, тәрбиелеу мәселесіне жан-жақты тоқталғандығын алғаш зерттеп көрсетті. Жазушы, ғалым Абайдың халқын адамгершілікке, ізгілікке, оқу-білімге үндеу, еңбекке, қанағатшылдыққа, рақымды болуға, бірлікке шақыру сынды өзекті тақырыптарды шығармаларында қоғамдық - тарихи жағдайларға байланыстыра отырып, жаңа поэтикалық шеберлікпен, психологиялық, философиялық тереңдікпен жырлағандығын айқындап тың тұжырымдарын ұсынды. Абай дүниетанымына тоқтала келе, академик М.О.Әуезовтің: *«Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көзі адамгершілік мәселесіне тіреледі»* (1,27), – дегені де осы ойымызды растайды. Данышпан ақын өлеңдері мен қарасөздерінде жастардың назарын өмірдің мәні, болмыстың үш тірегі болып табылатын – еңбек, өнер, ғылымға аударады. Ақынның өлең өрнектері әрбір жас азаматты болашағына жауапты түрде қарап, алдына нақты мақсат қоя біліп, соған жетуде табандылық

көрсетіп жігерлі болуға, еңбектене білуге, қоғамдағы өз орнын табуға шақырады:

*Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар, қалан!*

Ақын білім алудың сан алуан әдістерін де көрсеткен, білімді, өнерлі болуда қиындықтан қорықпай, оны жеңе білуге шаршамай талаптанудың, оқуға зейін қойып көп ізденудің керектігін айтқан.

*Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сөнсеңіз.  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.*

– деген өлең жолдары оқу, білімге, өнерге ұмтылған сол кездегі жастарға зор демеу болды. «Абайдың бұл пікірі, – деп жазды әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев, – *ғылымға жол бермей келе жатқан ескі надандыққа аяусыз соққы болып, жаңалыққа жол ашты*» (2,103).

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре - тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,* –

деген өлең жолдарында өз басының өкінішін айтып, уақытыңды бос өткізіп алма деп оқырманның назарына терең ой салады, білгенге бұл өмірде ғылым мен білімнің ең үлкен дәулет екендігін түсіндіреді.

Ақын жастарға адам болуда неден өзін алыс ұстап, неге ұмтылу керектігін түйіндеп айтады, ол өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ адамның жауы, ал талап, еңбек ету, терең ойлау, барына қанағат ете білу, рақымдылық жақсы мінездің, адамгершіліктің белгісі деп уағыздайды. Жастарды талапты болуға, іздене білуге, ерінбей еңбек етуге, адамгершілікке үндеген жолдарды Абайдың барлық шығармаларынан көреміз.

Ақын әрбір ата-ананың міндеті баласын азамат етіп тәрбиелеу деген халықтық қағиданы еске салады. Ата-ананың баланы тәрбиелеп, өсіруі жеңіл-желпі іс еместігіне арнайы көңіл аударуы бүгінгі күн талабына ұласады. Үлкендердің өмірден көрген - білгендері көп, соның өнегелі жақтарын балаға көрсетіп, жақсысын үйретіп отыру олардың міндеті екендігін айтады. «*Баланы жастан...*» дегендей Абай оларды сәби кезінен тәрбиелеуге шақырады. Үлкендердің жастарға ақыл айтып, игі істерімен өнеге көрсетіп, тәрбие беруі, жастардың жақсылардың қасында жүруге ұмтылыстары ежелден келе жатқан халық педагогикасының дәстүрі.

*Басында әке айтпаса ақыл жарлық,*

*Ағайын табылмаса ой саларлық,*

*Қалжынбассып өткізген қайран өмір,*

*Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық*

– деген өлең жолдары орынсыз қалжың, ойын-күлкімен өткізген өмір артында қайғы мен өкінішке соқтыратынын ескертіп, керісінше, бір өнерді үйреніп пайдалы еңбекпен айналысудың артықшылығы туралы ой тастайды.

Өлеңдері мен қатар ұлы ақынның өнер, білім, тәрбие

мәселелерін зерделеп тұжырымдайтын қара сөздерінің де мәні терең. Ақынның бұл мәселелерге қатысты ойларын «Екінші», «Жетінші», «Сегізінші», «Оныншы», «Он сегізінші», «Жиырма бесінші», «Отыз екінші», «Отыз үшінші», «Отыз жетінші», «Отыз сегізінші», «Қырық үшінші» сөздерінен көреміз. Ақын білім, ғылым, адамгершілік, жақсы мінезді тығыз байланыста қарастырады. Білім жолын қуған адам оны тек өзінің бас пайдасына жұмсап, айтыс- тартыста баскадан үздік болуы үшін пайдалануды көздемеу керек. Ол *«харакәт қыл, пайдасы көпке тисін»* – деп, оқудың бір мақсаты – білімді бір бойыңа жинап қоймай, айналаңа, халқыңа қызмет етуге жарата білу екендігін нұсқайды.

Абай өлеңдерінің әр бірінен жастарға үлгі-өнеге алатын өсиет-нақыл, насихат сөз көптеп табылады. Ол өзі де өлеңдерінде көркем сөзбен жас өспірімге үлгі - өнеге көрсетуді көздегендігін, оларға болашаққа бағыт сілтеуді мақсат еткендігін тура ескертіп отырған:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.*

Сонымен қатар ақын ғылым жолына түскен адам салғырт, уайымсыз болмау керектігін ескертеді. Ақылдың, дәулеттің, ізеттіліктің, бақытты болудың да жолын кесетін осы екі нәрсе дейді. Ғылымда ақылды сақтайтын жақсы мінез болу керек дей келе: *«Сол мінез бұзылмасын. Көрсө қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң, оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны*

*жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың...» (3,464),* – деген жас өспірімдерге де үлкендерге де өнегесі мол, дәйекті ойларын ұсынады. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, халқына пайдасы бар азамат болу әрбір саналы жастың борышы екендігін көрсетіп, өзінді жан-жақты жетілдірудің жолына түс деп шақырады. Ақын жастарды бойдағы қабілетті, сан алуан өнердің ең болмаса біреуін жан-жақты игеруге жұмсаудың қажеттілігін айтып, соған жету үшін талап пен жігердің керектігін өлеңдері мен поэмаларында, қарасөздерінде сабақтастыра түйіндеп отырған. 38-қарасөзінде *«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» (3,100),* – деп ескертеді. Ақын адам өмірінде кісілік қасиеттерін жоғары қойды, оларға ар-намысты білетін, еңбекқор, білімді, сабырлы, қайырымды адам ие деп білді. Оның шығармаларында қайталанып отыратын ойдың бірі – адамның адамшылығы тек өзін ғана емес, басқаны сүйген адал жүрегінде, игілікті ісінде. Адамды жан-жақты жетілдірудің ізгі жолы – білім деп, онсыз тапқан мал да, еткен еңбек те – бәрі де баянсыз, мәнсіз дегенді айтты. Жетілген, яғни «толық» адам тек қана қайраттың емес, жылы жүректің, «нұрлы» ақылдың иесі. Толық адам қайраты мен ақылдың арқасында материалдық, рухани дүниенің көзін көре біліп қана қоймайды, ол соны айналасының қажеттілігіне жаратуды ойластырады, ел-жұртымен бірге жасайды, адамгершіліктің шыңына көтеріле алады.

Абайдың жастарға арналған өлеңдері мен қарасөздерінің қайсыбірін зерделеп қарастырғанда, олардың психологиялық, педагогикалық астары айқын



байқалады. *«Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек, екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде зибратлану керек; көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек»* – деген сөздерінің мәні бүгінгі оқушы мен оқытушы үшін де өте маңызды(3,67). Оқығанда қызығып, зер салып оқуға, жаңа бір нәрсенің сырын білуге, пайдалы жақтарын байқап үйренуге, бұрынғы естігендеріңмен салыстыра отырып, толықтыра білуге ұмтылсаң ғана шынайы білімді игересің дегенді айтады. Осы жөнінде отыз екінші қарасөзінде: *«Адамның көңілі шын мейірленсе, ғылым-білімнің өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды»* – деген түйінді ойды айтады. Ақын халқын білімді болуға шақырды, өйткені тек білімді адам ғана айналасындағы дүниенің сырын танып біледі, жақсы мен жаманды ажыратып, болашақты болжай алады деп есептеген. Ақынның қарасөздерінде адам қандай мақсатпен оқу керектігі, оқығанды қалай меңгеру, қалай пайдалана білу қажет, шынайы білім алудың маңызды амалдары туралы айтылған пікірлері философия, психология, педагогика заңдылықтарын арқау еткен ғылыми тиянақты ойлар.

Мысалы, ақынның қара сөздерінде бала оқытып тәрбиелеуде олардың жас ерекшеліктерін ескеріп отырудың маңыздылығына байланысты, білімді меңгеруде қызығушылықтың, ынта-ықыластың мәні зор болатындығын, алған білімді ұмытпау үшін оны қайталап, толықтырып, пайдаланып

отырудың қажеттілі туралы айтқан ой-пікірлері бүгінгі дидактикалық, психологиялық талаптармен ұштасады. Адам айналасындағы дүниені көру, ұстау, есту мүшелері арқылы танып біледі деген түйінді ойы оқытуда адамның көптеген сана-сезім мүшелері қатысуы тиіс деген қағиданы растайты. Осыған орай мұғалім материалды оқушының көзімен көріп, құлағымен естіп, қызығып, қайталап, ақылға тоқып алатындай етіп жеткізуді ойластырғаны дұрыс.

Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен анық байқалатын баланы өзінің ана тілінде оқыту жөніндегі ойлары да аса бағалы, өйткені ол ана тілі арқылы халқының тарихын, салт-дәстүрін, ішкі жан дүниесін, рухани мұрасын танып біледі. Оқудың, тәрбиенің мықты, сенімді болуы кез келген халықта баланың әліппені ана тілінде оқып, сөздің мәні мен сұлулығынан нәр алып, алдымен өз халқының тұрмыс-тіршілігі мен табиғаты туралы мәліметті меңгеруіне көп байланысты. Алғашқы білім негіздерін өз тілінде меңгерген жағдайда кейін басқа тілдерді, өзге ұлттың тіршілігінің, салт-дәстүрінің өнегелі жақтарын үйрену де саналы түрде іске асырылады.

Осылайша ұлы ақын Абай жастарды оқыту мен оларға өнегелі тәлім-тәрбие берудің қажеттілігі, адам өмірінің мәні, болашақтың бағыт-бағдарлары жөніндегі көптеген мәселелерді арғы асылынан саралап, маржан сөзбен өрнектеп айтып кеткен. Ақынның ой-түйіндерінің үздіктігі олардың халқымыздың этнопедагогикалық қағидаларымен қатар жалпы адамзаттың озық ақыл-ойымен сабақтас болуына да байланысты.

Данышпан ақынның шығармашылығын алғашқы зерттеушілердің бірі ағартушы-педагог А.Байтұрсынұлының: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» (4,304), – деген сөздерін еске ала отырып, ақынның өлеңдері мен қарасөздеріндегі осы асыл байлықты жаңа білім беру жүйесі тұрғысынан қарастырып жастардың санасына ұстаздық шеберлікпен, «сөз сарасымен», біртіндеп жеткізу оқу орындарының барлық сатысы үшін халықтық мәні бар абзал міндет демекпіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1967. – 391б.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. –Алматы: 1960. - 363б.
3. Абай. Қара сөз. Поэмалар. –Алматы: Ел,1993. -270б.
4. А.Байтұрсынов. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989. – 318б

## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Дамыған қоғамдағы сияқты біздің елімізде де ұрпаққа білім беру саласында түбірлі өзгерістер жалғасуда. Ең бастысы – әлемдік білім кеңістігіне өту мақсатындағы алғашқы қадамдар.

Білімге – білімділік, дүниетанымдық және дамытушылық тұрғыдан қарауға көшу, яғни білім сапасын басқару үрдісін жетілдіру қажеттілігі туындап, білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген оқушылар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қайсар рух пен қара күшті қару етіп, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың ерлік жолындағы күресі бүгінгі таңда айбыны аспан тіреген тәуелсіздік тұғырын биіктетті. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастар еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби

біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына, олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз. Әрбір қазақ жастары өздерін «елімнің патриотымын» деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбіт аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау – жастардың қолында.

Еліміздің өркениетті алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Елбасы осындай жан-жақты дамыған білімді, еңбекқор, өзінің атқарған ісіне жауапкершілікпен қарауды азаматтық парызы санайтын ұрпақ тәрбиелеуді білім беру саласы қызметкерлеріне жүктеді. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай да жасалуда.

Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заңғар жазушы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, *«Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім»* болмақ.

Жан дүниесі рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін.

Сондықтан Әл-Фараби бабамыздың *«Тәрбиесіз қолға білім салма!»* деген сөзі ұстаздар қауымының негізгі ұстанымы болуы керек. Ғұлама ғалым, ұлы бабамыз

бұл сөзін білім мен тәрбие егіз екенін, оқушының бойына білімді тәрбиелей отырып енгізуге көңіл аудару керектігін баса көрсеткен болатын.

Адамзатты болашаққа апарар күдіретті күш – білім мен тәрбие.

ҚР-ның «Білім туралы» Заңында *«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері және адамды қалыптастыруы, кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау»* деп жазылған. Оқытудың негізгі мақсаты – өз бетінше дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, оқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудегі әдістер мен дағдыларын меңгеруі керек.

Ұлтты ұлт етіп, оны әлемдік деңгейге көтеретін – дарынды да талапты ұрпақ. Сондықтан әрбір ұстаз алдындағы міндет – өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәулесі бар, талапты шәкіртті тани біліп, оның ақыл-ой қуаты, баға жетпес күш екенін ескеруі қажет. Оларды баулып, қамқорлыққа алып тәрбиелеу ортақ шара. Оқушы дарынын, шығармашылық қабілетін қырағылықпен көре біліп, оны оқытып тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бұл ұстаздан шеберлікті, жан-жақты білімділікті, әсіресе бала жанын тани түсетін сезімтал психолог болуды қажет етеді. Шығармашылық қабілет – бүкіл тіршіліктің көзі. Ол адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жеткен жетістіктері – шығармашылықтың нәтижесі.

Неғұрлым баланың қабілеті мен талантының дамуына ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады.

Оқушыларға сапалы да тиянақты білім берудің негізі – өз пәніңді жан-жақты игеру, оқушы санасына жеткізе білу, шығармашылық ойлауын дамыту, қалыптастыру. Оған оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын, белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жету.

Ұстаз ретінде өзімнің оқытып жүрген оқушыларымның өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, білім алған соң ғана оларды дамыту деңгейіне орай әдіс-тәсілдерді іріктеп, талдап қолдануға, жетілдіруге ерекше назар аударып келемін. ***Осы істе талабы жоғары жас жеткіншектерді таңдап алу үшін алдыма мынадай мақсаттар қойдым:***

\* *Оқушылардың табиғи дарыны мен қабілетін дамыту;*

\* *Өздігінен білім алуға үйрету;*

\* *Ғылым, білімге тұрақты ізденісін қалыптастыру;*

\* *Ғылыми жұмыспен айналысудың тәсілін үйрету.*

Жас дарынмен жұмыстың ауыртпалығы мен қуанышын бірге тартатын, оның шығармашылық қабілетін ашатын кілт – мұғалім қолында. Мәселен, 11 сынып оқушысы А.Еділбаевамен жүйелі дайындық жұмысын жүргізу нәтижесінде пән олимпиадасының облыстық кезеңінде жүлделі II орын иеленді. Бұл да болса, үздіксіз жүйелі жұмыстың нәтижесі деп білемін.

Егеменді елдің ертеңі – оқу-білімнің тереңдігімен өлшенеді, толассыз, үздіксіз дамытуды талап етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы. Оқушыны дамыту құралы ретінде»
2. «Әдіскер мұғалім» журналы
3. «Дарын» ақпарат-әдістемелік жинағы

## САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Тәрбие – тамырын тереңнен алатын тарихи үрдіс. Ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан мол қазынамыздың қадір-қасиетін жоғалтып алмас үшін, ұрпақ тәрбиесінде үнемі қарастырып, пайдаланып отыруымыз қажет.

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын зерделі зиялылары мен ойшылдарын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұрат, игі арманы.

Кезінде ұрпақ тәрбиесі, ел тағдыры жөнінде елеулі еңбектер жазып, аталық ақыл айтқан ғалым, профессор Б.Кенжебаев: *«Қазақта: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» – деген дана сөз бар. Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыртатын ата-ана да қыран болуы керек»* – деп отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген. Себебі, отбасы – алтын бесік.

Ұрпақ тәрбиесінде отбасы мен білім мекемелерінің арасындағы байланыс ешқашан үзілген емес.

Халық өмірін, тарихын, рухани байлығын тек тіл арқылы көріп, сезінуге болады. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын оқып-үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ұлтын сүюге, ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Өз халқының табиғи мінезін бойына сіңіре алған ұрпақ ана тілінің қадір-қасиетін де ұғынбақ.

*Елімізде өмір сүріп отырған басқа ұлт өкілдеріне*



*осы асыл-маржандарымызды көрсетіп, танытып, сол арқылы олардың санасында қазақ халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіруіміз керек. Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрлерді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу – ұстаздардың алдында тұрған абыройлы міндеттердің бірі. Бүгінгі күні үштұғырлы тілдің аясында мемлекеттік тілдің маңызын төмендетпей, тарихтың рухани көшіне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау, көкірегінде ұлттық сана-сезімі бар азаматты тәрбиелеу – қазіргі уақыт талабы.*

Айналадағы қоғамдық өмірге, табиғат дүниесіне сезімталдық, танымдық көзқарасын қалыптастыру құралы – қазақ фольклоры, халықтың рухани байлығы, тарихи қазынасы.

**Қазақ фольклоры** – баланың қабылдауына жеңіл, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен сабақтас, өмірдің өзінен туындаған көркем сөз өнері, әдемілік пен әдептіліктің ұлттық өлшемі, халықтық тәрбиенің сарқылмайтын мол қазынасы. Фольклордың қай түрінде болмасын, халықтың өткен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы мен әдет-ғұрпы, арман-тілегі, тіпті дүниетанымдық көзқарасы мен болашаққа деген сеніміне дейін бейнеленген. Сол үшін де оның келешек ұрпаққа берер тағылымы, педагогикалық маңызы зор. Ол өнерге деген сезімін оятады, құштарлығын арттырады, жақсылыққа тәрбиелейді, сұлулығымен, сазымен, керемет сөзімен сүйсіндіреді. Өзінің педагогтік тәжірибесінде мұғалім фольклордың табиғатындағы ұлағаттыққа, жөн-жосықты білуге, өсиет-уағызға нануға, істің мәнісіне бойлай алуға тәрбиелейтін барлық қасиеттерін сабақ барысында толық пайдалана алса, онда ұлтқа тән ізгі қасиеттерді сіңіре алғаны. Алдында

*отырған оқушымен тіл табыса білу, оны фольклордың сан-салаларын игеруге үйретеді, баланың әдепті, көреген, көргенді, шешен, ділмар, тапқыр болуына да көмектеседі. Әсіресе, шешендік сөздер, хисса-жырлар, бабалардан қалған баталы сөздер, дана ойдан туған ұлағатты өсиеттердің бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы зор.*

Ырымшыл халық бала тәрбиесіне көп көңіл бөле отырып, оның дүниеге келген күнінен бастап, әр жасаған қадамына, қылығына арнап той жасап, дастарқанын жайған. Ондағы ойы – баласының адал, адамгершілікті, мейірбанды, достарына сыйлы, бауырмал азамат болып өсуін көздеген.

*Өзінің тәрбиелік мәнімен баланың санасына ізгілік сәулесін құятын бесік жырын тыңдап өскен ұрпақтың зерделі, парасатты, мейірімді, инабатты, өзінің көріктілігімен адам жанын баурайтын, эстетикалық талғамы жоғары болатынын күнделікті өмірден, олармен болған қарым-қатынастан көріп те, біліп те жүрміз.*

*Халық әндері мен жырларында, білінбей өтіп бара жатқан дәуренді өкінішсіз өткізу, қамшының сабындай гана қысқа өмірде бір-бірімен сыйласу, жарға адалдық, жан тазалығын сақтау сияқты байыпты ойлар әрбір жасқа ой салары сөзсіз. Олай болса, еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық тәрбие құралдарының тегін тектеп, болмысын танытуымыз керек.*

Жалпы, адамның дүниеге келген күннен бастап өмірден кеткеніне дейінгі ғұмырының барлығы әнмен, өлеңмен өтеді. Ұлы Абай айтқандай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең...». Бұл халқымыздың «Тал бесіктен жер бесікке дейін» дегеніндей, адам баласының бар ғұмыры өлеңмен тығыз байланысты деген сөз. Ұлы ойшылдардан қалған ұлағатты сөз, жырау, ақындардан қалған ойлы сөз ұрпақтан ұрпаққа бала тәрбиесінде атқарар рөлі аса

зор болып қала бермек. Әнді сүймейтін пенде жоқ десе де болады. Демек, бұл әннің, тағлымдық, тәрбиелік қасиеті мол деген сөз. Ән, жоқтау, сыңсу, қоштасу сияқты саз үлгілерінде ерекше орны бар туындылар – алдымен тәрбие құралы болып табылады. Себебі, ұстаз тек ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, осындай тәлімі мол мұра арқылы ұдайы өзін-өзі тәрбиелеп отырады. Тек осыдан кейін ғана өнегелі, ақыл-парасаты толысқан азамат «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегенді дәлелдеу арқылы, ұлы адамдардың қанатты сөздерінен рух алып, өмірлік ұстанымын анықтайды.

***Қазақ – ау бастан ойшыл халық. Қазақ – айтар ойын ішіне бүгін, «ішімдегіні тап» дейтін халық емес, «ойнап сөйлесе де, ойлап сөйлейтін» дана халық. Қазақты басқа ұлттардан ерекшелендіріп тұратын да оның сөзге деген осыншалықты кірпияздығы. Демек, қазақтың ойшылдығы – тілінде.***

Атам заманнан қазақ ойшылдарының сөз өнерін қадір тұтқанын, нәрлі ой, түйінді, тоқтамды уәждерге мойын ұсына «Өнер алды – қызыл тіл» деп, оны жоғары бағалағанын білеміз. Сөз қадірін білген, оған тоқтай білген бабаларымыз «Тіл – тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деп бекер айтпаған.

***Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп білген халық. Қазақ халқы шешендікті өнердің ең биік сатысы деп жоғары бағалады. Шешендік нақылдар мен толғаулар – ділмар ата-бабаларымыздың алтыннан соққан сөз сарайы, тіл маржаны, ақылдың дариясы, келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлы өсиеті. Мұның тәрбиелік мәні де осында, қара қылды қақ жарған шындықпен шешілетіндігінде.***

***Қазақтың қара өлеңінде, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырларында, ертегі, аңыздарында, мақал-мәтел, жұмбақтарындағы шешендік үлгілердің***

*тәрбиелік мәні ерекше.* Балалар жастайынан жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың аражігін ұғып, қарт әке-шешелері мен бауырларының ғана емес, қара ормандай халқының, елінің қамын жеген ерлерге еліктеп өседі.

*Қазақтың мақал-мәтелдері, бата, тілектері, тыйым-ырымдары жеткіншек жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулып, малды-басты, дәулетті, бақытты, кекшіл емес, кешірімді болуын тілейді. Елін, жерін қорғауға талапты жастүлек болып ержетуге талпындырады.*

Тек, ғасырлар бойы әр түрлі қоғамның сынағынан өтіп, бүгінге жеткен бабаларымыздың асыл мұрасынан, ата салтымыздан, өнгелі өнерінен тамыр үзбей, ұлттық рухта тәрбиеленген *бала ғана елінің ертеңін ойлайтын, болашаққа сенімі зор, өмірге құлшынысы күшті азамат бола алады.*

*«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз. Сол себепті мектепте жас ұрпақты тәрбиелеуде атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүрлі тәрбиеге көп көңіл бөлген жөн. Бала – бабалардан қалған соқпақтан шықпаса, адаспайтыны хақ.*

Сондықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осынау асыл мұрамызды бағалап, үлгі-өнеге мен тәрбиенің көзі ретінде бүгінгі өмірімізге орнықтыра білейік, дәстүрлі тәрбие түрлерін, имандылық пен ұлттық сана-сезімді жастар арасында қайта жаңғыртып, бойларындағы қазақи қасиеттерді оятайық, дәстүр мәдениетін көркейтіп, дамыта берейік!

## ДИСКУССИВТІ ЭССЕ ЖАЗУҒА МАШЫҚТАНДЫРУ

"Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Жазылым» әрекетінің «Эссе жазу» мақсатына сәйкес 7-сынып оқушылары «Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу» (дискуссивті эссе) дағдысын меңгеруі керек. *Эссе жазу – оқушының ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын өз ойын жазудың және оны басқаларға жеткізудің мүмкіндігі.* Сөйлемдерді дұрыс құрып, өзара мағыналық байланысын табу, мәтін ішінде орналастыру эссенің мазмұнына тікелей әсер етеді. Эссе жазу барысында оқушы қойылған сұраққа нақты жауап бере алса, өз ойын дәл және түсінікті жеткізе алса, шындыққа жанасатындай логикалық қорытынды жасаса, онда эссе жұмысы өте жақсы бағаға лайық. *Бағалаушы ешқашан «сенің мына ойың дұрыс емес» деп эссені өз пікірі мен тұжырымдарына сүйеніп бағалай алмайды.* Алайда, автордан ойы мен тұжырымын дәлелдеуді талап ете алады. Дискуссивті эссенің құрылымын сақтау мақсатында *«Мен бұл пікірмен толық келісемін...», «Бұл көзқарас тиімсіз,*

себебі...», «Қорыта келе, нәтижесінде...» сөз тіркестерін қолдану ұсынылады. Дискуссивті эссе проблеманы жан-жағынан көруге мүмкіндік береді және оқушы көтерілген мәселе бойынша өз ойын талдай отырып жазады. Сондықтан оқушыға дискуссивті эссе жазу дағдысын меңгерту сабақтарында жазылым алды тапсырмалардың да мәселені жан-жағынан көріп, талдау жасауға бағытталуы керек.

## ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР

<p><b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары</b></p>	<p><b>Ж4.</b> Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу. (дискуссивті эссе)</p> <p><b>ӘТНЗ.</b> фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану. (Мақал-мәтелдердің ұлттық сипаты)</p>
<p><b>С а б а қ т ы ң мақсаты</b></p>	<p><b>Барлық оқушы орындай алады:</b> Тақырыпқа байланысты дискуссивті эссе жазады.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын немесе себептерін өмірмен байланыстырып, нақты көрсетеді.</p>

	<p><b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b>  Жазылым барысында көркемдегіш сөздерді, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді орынды қолданады.</p>
<b>Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тақырыпқа байланысты дискуссивті эссе жазады.</li> <li>- Берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынады.</li> <li>- Жазылым барысында көркемдегіш сөздерді, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді қолданады.</li> </ul>
<b>Тілдік мақсат</b>	<p><b>Оқушылар орындай алады.</b>  <i>Диалог құруға, шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</i>  <i>Дәрілік өсімдіктер, бөлме гүлдері, дәрі-дәрмектер, жылы сөз, тұқымқуалаушылық қасиеті, қоршаған орта, күйзеліс.</i></p> <p><b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <i>Адам денсаулығына табиғаттың әсері бар ма?</i></li> <li>2. <i>«Дәрігердің ауруды емдеуге үш құралы бар – сөз, емдік шөптер, пышақ» Қайсы пікірді қолдайсыз?</i></li> </ol> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b>  <i>Дискуссия, эссе, дискуссивті эссе</i></p>

<b>Құндылықтар-ға баулу</b> -	- <i>Зайырлы қоғам және жоғары руханият, айналадағыларға қамқорлық көрсету;</i> - <i>адам денсаулығы мен қоршаған ортаға деген азаматтық жауапкершілікті арттыру; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау.</i>
<b>Пән аралық байланыс</b>	Биология
<b>Алдыңғы білім</b>	Салауатты өмір салтын ұстануды біледі.
<b>Сабақтың барысы</b>	

<b>Сабақтың кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> 5 минут	<b>Ұйымдастыру кезеңі</b> 1. Психологиялық ахуал қалыптастыру 2. Топтарға бірігу <b>Қызығушылықты ояту</b> Өсімдіктер мен гүлдердің суреттері таратылады. Постерге суреттерді 3 топқа	
<b>Сабақтың ортасы</b>	– <i>дала гүлдері,</i> – <i>бөлме гүлдері,</i> – <i>емдік гүлдер</i> бөліп жабыстырады, дұрыс нұсқасымен салыстырылады.	



4 минут

## Ойтүрткі



*Адам денсаулығына табиғаттың әсері бар ма?*

Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаты түсіндіріледі, бағалау критерийлерімен танысады.

**Жазылым алды тапсырма**  
**«Иә, бірақ...» ойыны**

*1. Науқас адам күніне үш уақыт ойша және ауызша 10 рет «Мен күннен күнге жақсарып жатырмын» деп айтса, сауығып кетеді.*

*– Иә, бірақ ...*

*2. Ауырған кезде өз диагнозыңызды білсеңіз, галамторда жазылған мәліметтер бойынша өз бетіңізбен ем қабылдай беруге болады.*

*– Иә, бірақ ...*

*3. Қажет болған жағдайда пайдалану үшін дәрі-дәрмекті үйге алып қойған дұрыс.*

*– Иә, бірақ ...*

Өсімдіктер мен гүлдердің суреттері

Слайд  
№1-6

<p>7 минут</p>	<p>4. Алоэ – дәрілік өсімдік, сондықтан оны үйде көп өсірген дұрыс. – Иә, бірақ ...</p> <p>5. Кез-келген аурудың емі бар. – Иә, бірақ ...</p> <p>6. Біз туған күндерде, отырыстарда бір-бірімізге тілек айтқанда «денсаулығың мықты болсын» деп айтамыз. – Иә, бірақ ...</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>1. Әрбір айтылған ойды «Иә, бірақ...» деп жоққа шығарады</p> <p>2. Әрбір дәлелді жоққа шығару үшін нақты дәйектеме айтады.</p> <p><b>Қалыптастырушы бағалау.</b></p> <p><b>Мадақтау сөздер</b></p> <p><b>«SWOT талдау»</b></p> <p>1-топ. Аурудың алдын алу.</p> <p>2-топ. Дәрілік өсімдіктермен емделу.</p> <p>3-топ. Дәрі-дәрмекпен емделу.</p> <p>4-топ. Жылы сөзбен емдеу.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>1. Мәселеге байланысты мақал-мәтел айтады.</p> <p>2. Күшті жағын анықтайды.</p>	
----------------	--	--

**3.** Әлсіз жағын анықтайды.

**4.** Мүмкіндіктерін анықтайды.

**5.** Қауіп-қатерін анықтайды.

**Қалыптастырушы бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі**

Топтар бірін-бірі бағалайды.

**Жазылым тапсырмасы**

**Тапсырма:** Ежелгі тәуіптердің бірі Авиценна да: «Дәрігердің ауруды емдеуге үш құралы бар – сөз, емдік шөптер, пышақ» деген екен.


– **Дискуссивті эссе дегеніміз не?**


**1.** Көтерілген мәселе бойынша ой қозғау,

**2.** Шындықты айқындау немесе пікірді, ұстанымды өзгерту;

**3.** Проблеманы жан-жағынан көру;

**4.** Дискуссивті эссе талдай отырып жазылады.

	<p><b>Бағалау критерийі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Эссе құрылымын сақтайды</i></li> <li>• <i>Өзіндік көзқарасын жазады</i></li> <li>• <i>Көтерілген мәселенің шешу жолын ұсынады.</i></li> </ul> <p><b>Жазылымнан кейінгі тапсырма</b></p> <p><b>«Автор орындығы»</b> Оқушылар өз эсселерін топтарға оқиды.</p> <p><b>Қалыптастырушы бағалау.</b></p> <p><b>«ҚҚҚ» әдісі.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құнды.</li> <li>2. Қызық.</li> <li>3. Қажет.</li> </ol>	
<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>4 минут</b></p>	<p><b>1. Рефлексия «Бес саусақ» әдісі</b></p> <p><i>Бас бармақ – бүгінгі сабақта бастысы, ең құнды не алдым?</i></p> <p><i>Балаң үйрек – басқаларға көмегім тиді ме?</i></p> <p><i>Ортан терек – бүгінгі сабақтан қандай білім алдым?</i></p> <p><i>Шылдыр шүмек – бүгінгі сабақ ұнады ма?</i></p> <p><i>Кішкентай бөбек – бүгінгі сабақтағы көңіл күйім?</i></p>	

	<p><b>«Рахмет айту»</b>  Оқушылар бүгінгі сабақта ынтымақпен жұмыс жасағаны үшін, көмек көрсеткені үшін, құнды мәлімет бергені үшін т.б. бір-біріне рахмет айтып, ықыласын білдіреді.</p> <p><b>Үй тапсырмасы:</b>  <b>2.</b> <i>Біздің үйде алоэ бар, біз оны ... .</i>  С ө й л е м д і жалғастырып, алоэ өсімдігінің өздерің білетін емдік қасиеттері жайлы баяндап беріңдер.</p>	
--	--	---

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
А.ТӨЛЕГЕНОВА,  
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
Г.АБДУЛЬДИНА,  
ағылшын тілі пәні мұғалімі.  
«№6 ЖОББМ» КММ.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы

**“ӨНЕР ЖҰЛДЫЗДАРЫ”  
ТАҚЫРЫБЫНДА  
МӘТІН ҚҰРАУ**

*(Составить текст на тему «Звезды эстрады»  
Making up the text “The stars of music”)  
(7-сыныпқа арналған «Тілдер әлемінде» тақырыбындағы  
таңдау курсына  
(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) өткізілген сабақ  
жоспары үлгісі)*

<p><b>Осы сабақта кол жеткізілетін оқу мақсаттары</b></p> <p><b>Цели обучения, к о т о р ы е н е о б х о д и м о достигь на данном уроке</b></p> <p><b>Learning objectives are achieved in this lesson</b></p>	<p>Әнші Дінмұхаммед Қанатұлы Құдайберген туралы мағлұмат беру.</p> <p>Тақырыпқа байланысты мәтін құрау, сөздік қорларын байыту, қарым-қатынастық біліктіліктерін арттыру.</p> <p>Әнші өмірі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Информация о певице Динмухаммеде Канатулы Кудайбергене. Формирование текстов по теме, обогащение словарного запаса, повышение коммуникативной компетентности.</p>
--	--

	<p>Воспитание патриотизма через творчествопевца.</p> <p>Information about the singer Dinmukhammed Kanatuly Kudaibergen. Formation of texts on the topic, enrichment of vocabulary, increase of communicative competence. Education of patriotism through the life of a singer.</p>
<p><b>С а б а қ мақсаттары:</b> <b>Цель урока</b> <b>The aim of the lesson:</b></p>	<p><b>Барлығы:</b> Сөздерді орыс, ағылшын тілдеріне аударып, сөз құрамына талдайды.</p> <p>Переводит слова на русский, английский языки, анализирует состав слова.</p> <p>Translating words into Russian, English and analysis of them.</p> <p><b>Көбі:</b> Мәтіндегі сөйлемді сөйлем мүшесіне талдап, тілдік ерекшеліктерін салыстырады.</p> <p>Разбор предложения по членам и сопоставление языковых особенностей.</p> <p>Match the language features.</p> <p><b>Кейбірі:</b> Аударма жасауда тілдік ерекшелігін анықтайды.</p> <p>Определяют языковые особенности перевода.</p> <p>Specifies the language specifics in the translation.</p>
<p><b>Пәнаралық байланыс</b></p>	<p>Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, әдебиет.</p>

<b>Межпредметная связь Inter subject communication</b>	Казахский язык, русский язык, английский язык, литература. Kazakh, Russian, English, English literature.
<b>Құндылықтарға баулу П р и в и т и е ценностей Instillingofvalues</b>	Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Привитие национальных ценностей. Instilling of national values.
<b>Жоспар План Plan</b>	

<b>Жоспарланған уақыт Запланирован- ное время Plannedtime</b>	<b>Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығу түрлері Виды упражнений Typesofexercise</b>	<b>Дерек- көздер Ресурсы Recour- ses</b>
	Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. Создание психологического настроя. Creating a psychological mood.	
<b>Сабақтың басы Начало урока Beginning of the lesson 5 минут 5 minutes</b>	«Үш тілде амандасу» тренингі Учитель приветствует учащихся на трех языках: казахском,	



	<p>русском, английском. Teacher greets students in three languages: Kazakh, Russian, English.</p> <p><b>ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ</b> Пробудить интерес To awaken interest</p> <p><b>Психологиялық дайындық</b> Психологическая подготовка Psychological preparation</p> <p><b>Димаштың әнін тыңдату арқылы тақырыпты болжау.</b> Прогнозирование темы, прослушав песню Димаша. Predicting the topic by listening to the song of Dimash.</p>	<p><a href="https://yandex.kz/video/preview/?filmId">https://yandex.kz/video/preview/?filmId</a></p>
<p><b>Сабақтың ортасы</b> <b>Середина урока</b> <b>The middle of the lesson</b> <b>30 минут</b> <b>Realization of meaning</b> <b>30 minutes</b></p>	<p><b>1-тапсырма 1-задание</b> <b>1- task</b></p> <p><b>Берілген сөздерді қатыстырып, мәтін жазу.</b> <b>Составить текст, используя данные слова.</b> <b>Compose a text using these words.</b></p> <p><i>«Байқоңырдың Әсем дауыстары» Халықаралық фестивалі, 2010 жылы, 24 мамыр</i></p>	<p><a href="https://kk.wikipedia.org/wiki/%">https://kk.wikipedia.org/wiki/%</a></p>

1994 жылы, Алты жасында, спектакльде, “Айналайын” Республикалық байқауы, Қанат Құдайбергенұлы, музыкалық колледж, I жүлде лауреаты, Светлана Айтбаева, Димаши Құдайберген.

Димаши Құдайберген 24 мамыр 1994 жылы Ақтөбе қаласында Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткерлері Қанат Құдайбергенұлы мен Светлана Айтбаева отбасында дүниеге келген. Ең алғаш рет спектакльде ойнауымен таныла бастады. Бес жасында музыкалық колледж сахнасында алғаш әнші ретінде ән салған. Алты жасында “Айналайын” Республикалық байқауының “Фортепиано” номинациясында жеңімпаз атанған. 2010 жылы «Байқонырдың Әсем дауыстары» Халықаралық фестивалінің I жүлде ілауреаты атанды.

**Асты сызылған сөздерді орыс, ағылшын тілдеріне аударып, сөз құрамына талдау.**

Перевод выделенных слов на русский, английский языки, разбор по составу слова.

Translation of selected words into Russian, English languages.

<i>Сөз</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>	<i>Ағылшын тілінде</i>

**2-тапсырма 2-задание 2-task**

**Берілген сөйлемді орыс, ағылшын тілдеріне аударып, сөйлем мүшесіне талдау.**

Разбор выделенного предложения по членам предложения.

Analysis of the selected sentence by member.

Димаш түрлі жанрдағы вокалдық шығармаларды бірнеше тілдерде орындайды (Қазақ, украин, орыс, ағылшын, француз, қытай және т.б.)

Ол мәдени іс-шараларға белсенді қатысады.

2017 жылдың 29 қаңтарында Алматыдағы Қысқы Универсиаданың ашылуында сөз сөйледі.

<i>Қ а з а қ тілінде</i>	<i>О р ы с тілінде</i>	<i>Ағылшын тілінде</i>

**3-тапсырма 3-задание 3- task**  
**«Кім тез тауып оқи алады?»**  
**ойыны**

Мәтіндегі асты сызылған сөздер жасырылады. Жасырын сөздерді тауып, қазақ,орыс тілдеріне аудару.

*2019 жылдың 22 және 23 наурыз күндері әнші Димаши Құдайберген Мәскеудің Кремль сарайында екі концерт берді*

*Димашидың 56 елден келген фанаттарынан бөлек, Ресейдің түкпір-түкпірінен өнерсүйер қауым көптің аузында жүрген қазақ әншісін тыңдауға келген.*

*Димаши кеш барысында қазақ, орыс, ағылшын, қытай, француз тілдерінде ән шырқады. Тіпті «Screaming» әнімен концертті бастаған кезде қазақша рэп орындап, жұртты таңғалдырды.*

*22 и 23 марта 2019 года певец Димаши Кудайберген дал два концерта в Московском Кремлевском дворце.*

*Помимо поклонников Димаши из 56 стран, послушать*

*популярного казахстанского певца приехали артисты со всей России. В ходе вечера Димаши исполнил песни на казахском, русском, английском, китайском, французском языках. Даже когда начинал концерт с песней «Screaming», он исполнил РЭП на казахском языке и удивил людей.*

*On March 22 and 23, 2019, singer Dimash Kudaibergen gave two concerts at the Moscow Kremlin Palace.*

*In addition to Dimash's fans from 56 countries, artists from all over Russia came to listen to the popular Kazakh singer. During the evening, Dimash sang songs in Kazakh, Russian, English, Chinese, French. Even when he started the concert with the song «Screaming», he performed Kazakh rap and surprised people.*

Перевод данных слов на казахский, русский языки, сравнение языковых особенностей.

Translation of these

	words into Kazakh, Russian, comparison of language features.	
<b>Сабақтың соңы</b> <b>5 минут</b> <b>Конец урока</b> <b>The end of the lesson</b> <b>5 минут</b> <b>5 minutes</b>	<b>Кері байланыс.</b> <b>Обратная связь.</b> <b>Feedback</b>  – <i>Не көрдің?</i> Что увидел? What did you see?  – <i>Не естідің?</i> Что услышал? What did you hear?  – <i>Не сезіндің?</i> Что почувствовал сердцем? What did you feel?	

**С.И.ҚОНЫСБАЕВА,**  
**филология ғылымының**  
**кандидаты,**  
**доцент.**  
Ақтау қаласы



## **ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ**

Білім берудің негізгі міндеті оның маңыздылығын, оқытуды бағдарлама арқылы әрбір оқушыға тапсырма беру, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Оқытуды дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы әртүрлі жаттығулар жасауы тиіс. Осылай оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталады. Бұл әдістерді қолдану жеңіл емес, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар. Арақашықтықтан оқыту әдістері оқытулағы ұтымды әдістер оқытушының оқытуды қандай шеберлікпен

ұйымдастырғанынан болады. «Интерактивті әдістер» білімалушылардың шет тілін оқуда өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын тәсілдер, ал «интерактивті оқытуды» өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп түсінуге болады. Интерактивті әдістердің мәні – әрбір оқушының оқушымен өзара белсенді байланыста болып, оқытушымен бірлесіп отырып, компьютермен жұмыс жасап, оқу танымдық нәтижеге жетуі. Бұл әдістердің оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына әсері бар. Оқытушы мен оқушы бірлесе оқи отырып, субъект ретінде қалыптасады. Оқытушының рөлі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы, оқушылардың ынта ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенуіне негізделген сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Шет тілі сабағының тартымды да түсінікті болуы оқытушының шеберлігі мен ізденімпаздығына байланысты. Жалпы интерактивті әдістер арқылы оқытудың басты мақсаты – білімалушылардың білімін жетілдіру үшін қолайлы орта орнату. Яғни, өзара қарым-қатынас арқылы өз пікірлерін ортаға салу, өзін еркін сезіну, басқалардың көзқарасымен санасу, сұрақ-жауап арқылы білімін бекіту, сонымен бірге тілдік қорын бекітуге мүмкіндік жасалады. Шет тілінде интерактивті оқыту әдістерінің жоғарыда айтылғандардан басқа да бірқатар жетістіктерін атап өтуге болады. Мәселен:

- *ақпаратты терең меңгеруге мүмкіндік береді;*
- *тыңдау дағдысын қалыптастырады;*



*- қарым-қатынасқа түсуге, сол арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.*

Шет тілі сабағын оқытуда жиі қолданатын пікірталас, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, диалог құру т.б. әдістер жоғары белсенділікті дамыту әдістерінің қатарына жатады. Бұл әдістерді қолдану барысында үйретушіде, үйренушіде белсенді қарым-қатынасқа түседі. Қашықтық әдісі барлық студенттердің пікірін бірдей ескереді. Сонымен қатар олардың ойынша, мұндай жағдайларда балаларға көбіне құнды ресурстарды, яғни топтарының идеяларын пайдалануға мүмкіндік береді. Қашықтықты әдіс оқыту процесінде студенттерді бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

*– Өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.*

*– Білімалушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылыққа баулиды.*

*– Топтағы білімалушылармен жасалатын жұмыс түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.*

*– Ойлауды белсендіреді.*

*– Ынтымақтастық пен әрекет етуге үйретеді.*

*– Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай*

алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтарда жоқ емес. Себебі әрбір оқушының ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес. Осыдан келіп оқушының алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды.

***Шынайы қиындық:***

– берілген тапсырма дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда.

– жүріп жатқан әңгіме студентке қызық емес болса

– әңгімені тыңдамағандықтан сөйлей алмаған жағдайда туындайды.

Ал психологиялық қиындық шынайы қиындыққа карағанда жиірек кездеседі. Оқушы мұндай жағдайда көбінесе үнсіз қалады. Яғни:

– оқушы өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралды таба алмағандықтан үндемейді.

– оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылғандықтан үндемейді.

– өз білім дәрежесінің төмен екендігін көрсеткісі келмегендіктен үндемейді.

Мұндай жағдайда оқушыны сөйлету үшін оған қысым көрсетпей, оған сөйлеу үшін ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, оқушыны тыңдай білуге үйрету керек.

«Интерактивті әдістер» оқушылардың шет тілін оқуда өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын тәсілдер, ал «интерактивті оқытуды» өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп айта аламыз.

Оқушы оқушымен, топпен, ұжыммен, мұғаліммен

қатынаста болуына жағдай тудыру. Сөйлесу сабағы үстінде тапсырманың жеңілдігі күрделіге қарай бірнеше іс-әрекет формалары арқылы ауысып отырады. Мысалы: сабақтың басында сөздікпен жұмыс жүргізгенде жұптық, бекіту кезінде топтық форманы немесе жеке топтық жұмысты қолданамын. Топтарды ұйымдастыру кезінде оқушылардың өзара қарым-қатынасын ескеріп, олардың бір-бірімен білім алмасуы, жеке тұлғасын дамытуға ықпал жасауына көңіл бөлемін.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, сауатты жазуға үйрету, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тілін құрметтеуге, Отанды сүюге баулу.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

- 1. Дыбыстармен жұмыс;*
- 2. Сөздіктермен жұмыс;*
- 3. Сөздік қорларын жетілдіру;*
- 4. Тіл дамыту;*
- 5. Ережемен жұмыс.*

Қазіргі буынғы ағылшын тілі оқулықтарында оқушының еркін сөйлеуіне үйретуде, коммуникативті тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында қолдануына дағдыландыруда соңғы әдістемелер қолданылған. Оқыту тәсілдері әртүрлі, негізінен оқушы күнделікті тіршіліктегі жағдайда қолданылатын ағылшын тілін

үйренуде. Оқу процесі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған. Әр сабақтың алдында «берілген тақырып туралы оқушы не біледі?» деген мақсатпен «сұрақ-жауап», «талқылау», «ой алмасу», сияқты тапсырмалар үнемі беріліп отырылады. Сөздікті және грамматикалық материалда басты көңіл бөлінетіні сөйлеу және оқу.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатын көздеген республика білім беру жүйесі қазіргі кезде көптеген реформалар жүргізуде. Осы реформаларға сәйкес республика мектептерінің оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу белсенді түрде қолға алынып жатыр.

Әрбір тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың модульдік, деңгейлеп саралап оқыту, сын тұрғысынан оқу мен жазу, электрондық оқыту, жобалап оқыту оқушыларды дамыта отырып оқытуға негізделген технологиялардың негізгі қағидалары:

– *балаға ізгілік тұрғыдан қарау;*

– *баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;*

– *оның өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту;*

– *барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеуі болып табылады.* Негізінде ағылшын тілін оқыту процесі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған.

Тілдік материалдар қазіргі өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шыңдалып, өңделген тілдік материалдар. Сондықтан бұл

материалдардан күнделікті тіршіліктегі жағдаяттарда қолданылатын ағылшын тілін үйренуге болады.

Сөйлеу мен оқу әрекеттері арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдалана білу үшін мынадай: ұжымдық жұмыс, жекелей жұмыс, жұптық жұмыс, топпен жұмыс оқыту тәсілдерін қолдануға болады.

Оқушының әңгімелеу іскерлігін дамыту үшін мынандай: сұрақ-жауап талқысы, салыстыра отырып әңгімелесу, проблемалық сұрақтарды талдау, мәтін не әңгіме бойынша өз ойын ортаға салу, ой алмасу, шарт қою, диалог түрінде сөйлеудегі ойды көрсете білу, пайымдау, логикалық ой тұжырымын дамыта отырып сөйлеу, түйіндеу, дәлелдеу, жоспарлау арқылы сөйлеу, жағдайға байланысты сөйлеу, ойындар арқылы сөйлеу, сұраққа жауап беру, қорытындылау, өз пікірін айту сияқты сөйлеудің түрлерін қолданамын; әрі бұлар менің сөйлеуді үйретудегі бағыттарым болады.

Мәтін – негізгі қарым-қатынас құралы. Мәтінді оқымас бұрын сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол мәтіндегі мәселеге байланысты оқушы не біледі, не білмейді, соны анықтау бір мақсат болса, екінші мақсат – өз білімі деңгейінде ойын айтқызып, мәтіндегі оқиға жайлы білуге ұмтылдыру, ынталандыру. Бұл жұмысты бүкіл топ болып немесе 3-4 оқушы бірігіп және жұптасып талқылауға болады.

Мәтінді оқыған соң оқушы ұғымын тексеруге арналған *«True or False» жаттығуын қолдануға болады, «What is your opinion?» «What do you think about ...?»* сұрақтарын қою арқылы оқушылардың

мәтіндегі мәселе бойынша өз ойын ортаға салып, пікірін айтуға, еркін сөйлеуге үйретіледі. Оқушыны еркін сөйлеуге төсілдіру үшін сөздерді қайталату, оларды еркін де дұрыс қолдана білуге үйрету, грамматикалық материалдарды, сөйлем құрылымын орынды қолдануға үйрету де басты назарда болу керек.

Бұдан басқа да мәтін оқығанға дейінгі, оқығаннан кейінгі әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып балалардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға болады.

Сөйлеуге тыңдап түсінусіз үйрену мүмкін емес. Қазір біз тілді меңгертуде шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған ұнтаспаларды, видеофильмдерді қолданып, оқушылар үшін ағылшын тілінде жүретін телебағдарламаларды көруді ұсынамыз. Сонымен қатар, тағы да айта кететін жайт – ағылшын тілді мемлекеттерден келетін еріктілермен шет тілінде әңгіме-дүкен құру да оқушылардың тілін дамытуға үлкен әсерін тигізеді.

Тағы бір көңіл аударуға кететін жағдай интерактивті әдіс тәсілдің маңызды көрсеткіштері деп оның тәрбиелік жағын да айта кеткен жөн. Топпен жұмыс істеу білімалушылардың бірін-бірі тануына, тыңдау мен пікір алысу мәдениетінің қалыптасуына да өз әсерін тигізеді.

Қорыта айтқанда, арақашықтықпен оқыту әдісінің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға оқытылып отырған тілдің тәжірибеде, іс жүзінде қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар

оқушылар әрекетін белсендіру, оқу материалдарын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады. Интерактивтік әдістің дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көзеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, оқытушының ролі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, студенттердің білім алу белсенділігінің түрінде, оқу үрдісі мүшелеріннің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде т.б. Интерактивтік әдіс – күрделі құрылымды тәсіл және біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр тәрбиеленуші өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектептегі шет тілі // Республикалық әдістемелік журнал – Алматы, 2019.
2. Мектептегі шеттілі // Республикалық әдістемелік журнал /– Алматы, 2019
3. Мектептегі шеттілі // Республикалық әдістемелік журнал //– Алматы, 2017№1 (43) .



**Т. К. ИСПУСИНОВ,**  
Педагогика ғылымдарының  
магистрі,  
ағылшын тілі пәнінің  
оқытушысы.  
**Қайнар колледжі.**  
Ақтау қаласы

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Тілі, мәдениеті, дүниетанымдық көзқарасы әр түрлі ағылшын және қазақ халықтарының тұрақты сөз тіркестері жан-жақты, құрылымы, ішкі форма, тұрғысынан зерттеу нәтижесінде тіл-тілге тән ортақ заңдылықтар, жалпыхалықтық рухани дүниелер, ұлттарға тән танымдық ерекшеліктер т.б. жөнінде бірқатар жаңа мағлұматтар жайында сөз етіледі.

Тіл ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс екені баршаға белгілі. Бір тіл бір ұлтты танытады. Яғни, кез-келген халықтық ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Тіл қазынасына жататын көкейге қонымды, бейнелі, алуан түрлі тұрақты тіркестер, олардың тілдік табиғаты, заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлемдік тілдердің көпшілігінде зерттеліп келе жатқаны белгілі. Себебі, олардың шығу төркіні, көнеленуі, мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан және стильдік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар. Осы көркем, мазмұны терең, көлемі шағын-қабат тіркес, тізбектердің танымдық



мәні ерекше. Уақыт өте келе ықшамдалып, өңделіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан-саналы тізбектерді жинақтап, бір ізге түсіру, олардың мазмұн мәжесіндегі кодқа салынған әр түрлі ақпараттарды айқындау тіл мамандарын ерекше қызықтырып отыр.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ертеден бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл тұрақты тіркестер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған құндылығының бірі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі етістікті фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Осыған орай ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің қалыптасуын айқындауда әр ұлттың дүниетанымын, ой-парасатын және рухани парасатымен байланысты пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді саралап, олардың тілдік қатынаста қалыптасуын негіз етіп алдық.

Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдары – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге

түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі екені даусыз.

Фразеология – «phrasis» – орам, сөйлемше «logia» – ұғым, ілім деген грек сөздерінен жасалған термин. Бұл атау негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тиянақты тұрақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімнің бір саласы дегенді, екіншіден – белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен тұтастығымен ерекшеленеді.

Соңғы жылдары халықаралық, тіларалық қатынастың дамуына байланысты құрылымы жағынан да мүлдем алшақ тілдерді салыстыра зерттеу тіл ғылымында дәстүрге айналып келе жатыр. Салыстыра зерттеу барысында екі тілдің өзіндік құрылымдық және жүйелік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалады. Сондай-ақ, тіл табиғатында осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан шет қалған кейбір құбылыстардың сыры ашылып, осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырымдар басқа қырынан зерделенуі, тілдің өзіндік сипаты айқындатуда. Әр типтес тілдердегі

фразеологизмдерді салыстыра зерттеу де өзіндік тұңғыық сыры бар қиындығы да мол күрделі жұмыс.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуге деген құлшыныс академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегінен етек бастаған. Бұл құнды еңбек тек қана қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тануға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері» бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологиялық теорияның мәселесін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Қазақ тілінің фразеологизмдерін зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл еңбекті қолданатыны айдан анық.

**Фразеологиятану ғылымында фразеологизмдердің басты белгілері, релеванттық қасиеттері ретінде үш ерекшелігі аталады:**

*а). даяр қалпында жұмсалу белгісі;*

*ә). мағына тұтастығы;*

*б). тіркес тиянақтылығы.*

Фразеологизмдердің дайын қалпында жұмсалу белгісі – тұрақты тіркестер қарым-қатынас процесінде, сөйлеу кезінде жасалынбайды, даяр қалпында біртұтас (бүтін, бірлік) единица ретінде жұмсалады. Фразеологиялық етістіктің бұл қасиеті оны еркін сөз тіркесімен салыстырғанда, анық көрінеді. Мысалы: *тамақ ішу, қолды жуу, үй тазалау және to love music, clever man, to build houses деген еркін сөз тіркестері* қарым-қатынас процессінде, сөйлесу кезінде бір-бірімен емін-еркін тіркесіп айтылуынан жасалса, *ас адамның арқауы, түймедейді түйедей ету, қой аузынан шөп алмас және mare's nest, small hours, husband's tea, т.б. тәріздес сөз тіркестер тіркескен күйінде, бүтін күйінде жадымызда айна қатесіз сақталады да,* сөйлеу кезінде олардың сыңарлары (сөздер)

сөйлеушінің қалауы бойынша тіркеспейді, бүтіннің бөлшектері тәрізді бұрыннан тіркесіп қойған қалпында, өлеңдегі қайырма тәрізді бұлжымай бір тұтас күйінде қолданылады. Мұндай қасиет тұрақты тіркестерге ғана емес, сонымен қатар лексикалық бірлік (единица) сөзге де тән. Мысалы: *әдемі, жылдам, үндемеу, talk, laugh, smile* деген сөзде және бұларға белгілі дәрежеде синонимдес болып келетін «*үрін ауызға салғандай*», «*көзді ашып жұмғанша*», «*жұмған аузын ашпау*», *get a talk with, give a laugh, give a look, force a smile* тәрізді фразеологизмдер дайын қалпында жұмсалып қасиетімен сипатталады.

***Мысалы, қазақ-ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерді салыстырсақ:***

*kill two birds with one stone* – ***екі қоянды бір оқпен ату;***

*cat and dog life* – ***ит пен мысықтай өмір сүру;***

*to pick up one's ear* – ***құлақ түр;***

*to abound in courage* — ***жүрек жұтқан болу;***

*to meet adversities with* – ***бәлеге шалдығу,***

***қырсыққа іліну;***

*to take advantage of something* – ***бірдеңенің пайдасын көру;***

*justify somebody's confidence* – ***біреудің сенімін ақт ау;***

*talk nonsense, talk rubbish, talk rot* – ***аузына түскенін оқтай;***

*ake revenge, to cook one's goose* – ***алдына келтіру;***  
*to judge by appearances* – ***сыртынан тон пішу;***

*aggress against a country* — ***баса көктеп кіру;***  
*to go ape (over, for)* — ***торығу (күйзелу).***

Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі бір жүйемен орналасқан. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажырамай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөзбен алмастыруға я болмаса, тұрақты орын тәртібін өзгертуге келмейді.

Мәселен, *мұрнын көкке көтерді* дегеннің орнына *қолын көкке көтерді* десек, мән-мағынасын мүлде өзгертіп жібереді, тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді. Ал көк сөзін оның синонимі аспан деген сөзбен алмастырсақ (*мұрнын аспанға көтерді*), мағына тұтастағы онша бұзылмағанмен стильдік мәні солғындап, үйлесімі кемиді, құлаққа жағымды тимейді. Көтерген деген етістікті көтермеді, көтеріп тұр, көтермекші деп өзгерте беруге көнбейді. Тек өзінің сіресіп қалыптасқан қалпында қодануды талап етеді.

Сондай-ақ *red tape, kick the bucket* деген тұрақты тіркес құрамындағы *red, kick* деген сөздердің орнына *blue, give* немесе *tape, the bucket* дегеннің орнына *radio, the ball* деген сөздер қолданылмайды: егер бұлай етіп өзгертсек, олар тұрақты тіркес болудан қалады, немесе тіптен мағынасыз, түсініксіз, кей жағдайда сөз тіркесі болып мағына тұтастығынан айырылып қалады. Н.М.Шанский сөздің морфемалық құрамының тұрақтылық сипаты қалай болса, фразеологизмнің құрамының және сыңарының (компоненттерінің) орын тәртібінің тұрақтылық сипаты да сондай деп есептейді. Кейде тұрақты тіркес құрамындағы бір сөздің әр түрлі тұлғасынан әлденеше фразеологизмдер жасала берілуі

де мүмкін. Мысалы: *жамбасы жерге тигенше* (өле өлгенше), *жамбасы жерге тиді* (өлді, жер тастады), *жамбасы жерге тимеген* (ешкімнен жығылып көрмеген күшті). Кей ретте жалғыз дыбыстың бір өзі-ақ тұрақты тіркестің мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді.

Бұл жағынан қарағанда, фразеологизмдердің орын тәртібінің тұрақтылығы сөздің морфемалық құрамының тұрақтылық сипатымен бірдей деп есептеуге болады. Жоғарыда аталған үш түрлі белгі (тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық) арқылы фразеологизмдер тілдің өзге категориясынан оқшауланып, өзіндік бітім бейнесімен өмір сүрді.

Фразеологизмдердің түрлері – фразеологизмге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірімен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы, *біреуінен* ап-айқын көрінсе, *екіншісінен* көмескі, *үшіншісінен* өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді түр-түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірінен саналады.

Зерттеушілердің бір тобы тұрақты тіркестердің біртұтас мағынасы мен солардың құрамындағы сыңарлардың ара қатынасына қарай жіктеп бөлсе, екіншілері құрылым-құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырады.

Сонымен, қазақ тілі фразеологизмдеріне терең, әрі жан-жақты сипаттама жасаған және болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар берген І.Кеңесбаев фразеологизмдердің үш басты белгісіне (*тұлға*

**тұрақтылығы, мағына тұтастығы, қолдану тиянақтылығы)** сүйене отырып ең негізгі үлкен екі топқа бөледі:

**1. фразеологиялық тұтастық;**

**2. фразеологиялық тіркес.**

Бұл еңбектерде фразеологизмдердің негізгі белгілері анықталып, оларды семантикалық және грамматикалық тұрғыдан талдап топтастыру қаралады. К.Аханов қазақ тілі фразеологизмдерін В.В.Виноградов классификациясына сүйене отырып, семантикалық тұрғыдан:

**1. фразеологиялық тұтастық;**

**2. фразеологиялық бірлік;**

**3. фразеологиялық тізбек;**

**4. фразеологиялық сөйлемше деп топтастырады.**

Аханов: «Фразеологиялық тұтастық деп бөлініп ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сынарладың мағынасымен мүлдем байланыспайтын, әбден бітісіп, тұтысып кеткен томаға тұйық тіркестерді айтамыз» – дейді. Мәселен, **мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді** дегеннен **қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады** дегенді немесе ағылшын тілінде: **to let the cat out of the bag** дегеннен **сыр шашу, немесе аңдамай сөйлеу** дегенді түсінеміз.

Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні,

зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық бірлікке К.Аханов мынандай анықтама береді: «*Мағынасы жағынан ажыратылмай, тұтасымен бір бүтін мағынаны білдіретін, бірақ сөз тіркестерінің бір бүтін мағынасы лексикалық сыңарлардың мағыналарының бірігіп тұтасуынан тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері*». Бұлардың лексикалық мағынасы толық сақталған сөздерден бірігіп, тіркестің бүтін мағынасы сөз тізбегінің мағынасымен астарлас, образды, астарлы болады. Мәселен, *ескі жараның аузын ашты* дегеннен *өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды* дегенді түсінеміз. Ал ағылшын тілінде: *to give a person a blacklook – ашулы немесе ала көзбен қарау*. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына, сөз жоқ, ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Кейде фразеологиялық тұтастық пен арасында айырмашылық байқалмай тұратын фразеологизмдер бар. Мұндағы ескертетін нәрсе тұрақты тіркес мағынаның тек көнеленуіне байланысты түсіну керек. Мысалы: *ит басына іркіт төгілу – «ағыл-тегіл, молшылық»*. Сырт тұлғасы жағынан фразеологиялық бірлікке ұқсас, мағынасының тым көмескіленуінен фразеологиялық тұтастыққа да ұқсас. Жалпы алғанда, фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктер сөздерге жанамалық қатыста жұмсалуына орай, көбіне бір топқа біріге береді. Мәселен, орыс тіл білімінде мұндай құбылысты Н.Шанский *идиомалар немесе орамдар деп атайды*. Қазақ тілінде де фразеологияның бұл екі тобы бір-біріне



өте жуық тұрақты сөз тіркесі деп қарастырылады. Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктер фразеологиялық тізбектерден семантикалық табиғаты мен құрылымы жағынан өзгелешеленеді.

**Фразеологиялық тізбектер** — мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып, тіркесу тұрғысынан орнығып тұйықталған сөз тіркестері болып табылады. Тілде сөздердің тіркесу қабілеті бірдей десем, қайсы бірі кез келген сөзбен тіркесіп, белгілі бір ұғымды білдіруге бейім болса, енді бірі аз ғана сөздермен одақтасып, сонымен ғана тіркеседі. Тұрақты сөз тіркестерін сөздер тобы ғана жасайды. Кез келген сөз тұрақты сөз тіркестерін жасай алмайды. Мысалы: **бота көз, қоян жүрек, тоң мойын, жел аяқ, т.б.** Ағылшын тілінде: *white crow, a bosom friend, т.б.*

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынадағы сөз сан алуан сөздермен тіркесіп жұмсалуға қабілеті болса, фразеологиялық туында мағынадағы сөз бірді-екілі сөзбен ғана шектеліп қолданылады. Мысалы: **көк бет, қысыр сөз** деген фразеологиялық тізбектің құрамындағы **бет** (*жалпақ бет, сопақ бет*), **сөз** (*аз сөз, бұрыс сөз, көп сөз*) деген қыруар сөздермен тіркесіп қолданыла берсе, фразеологиялық мағынадағы көк сөзі бет сөзімен, сөз қысыр сөзімен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық тізбектің сыңарларының бастапқы мағынасы онша ашық та айқын болғанымен, солғын тартып сезіліп тұрады. Мысалы: **көз ұшында, көз жеткісіз, көзін тырнап ашқалы, көзі тірісінде, т.б.**

Қорыта келе, халықтық сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс тарихын бейнелейтін

фразеологизмдерді оқып танымайынша, тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Халықаралық және тілдераралық қатынастар дамыған осы кезеңде шет тілін ана тілімізбен салыстыра зерттеу тіл білімінің әрбір саласы үшін маңызы айрықша.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 632 б.

Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 420 б.

Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Г. Қазіргі қазақ тілінің лексикалогиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 187 б.

Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. 3-е изд. – Москва: Высшая школа, 1985. – 462 б.

Кеңесбаев І. Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1954. – 706 б.

Аханов Қ. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1969. – 416 б.

Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 624 б.

**П.С. АЛИМБЕКОВА,**  
Мұхтар Әуезов атындағы  
мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Жамбыл облысы,  
Сарысу ауданы,  
Жаңатас қаласы


## **КЕРІ БАЙЛАНЫС – САПАЛЫ БІЛІМ КІЛТІ**

<b>Ж а л п ы мақсат:</b>	Жас мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның түрлері, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау. Оқушылардың көңіл күйіне, сабақтағы іс-әрекетке, оқу материалдарына рефлексия жасау жолдарын жоспарлауды бірлесіп қарастыру.
<b>Сілтеме:</b>	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үлестірмелі нұсқаулық.
<b>Оқу нәтижесі:</b>	Мұғалімдер сабақтағы кері байланыс жайлы, оның түрлері, әдістері жайлы мәліметтермен таныс болады. Кері байланыстың мәнін, оның түрлерін түсінеді. Оқушылардың көңіл күйіне, оқу материалдарына қалай кері байланыс жасау керектігін біледі.

<b>Т ү й і н д і идеялар:</b>	Оқыту мен оқудағы жаңа әдістер арқылы табысты оқытуға қол жеткізу. Сабақтағы кері байланыс, оның түрлері, әдістері <b>Қ о л д а н ы л а т ы н материалдар:</b> А - 3 парақтары, стикер, интерактивті тақта, флипчарт, маркер, т.б.
<b>Оқыту әдістері:</b>	Диалог, жеке жұмыс, топтық және жұптық жұмыс
<b>Дереккөздері:</b>	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді оқыту жөніндегі нұсқаулық. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық Power Point.
<b>Тапсырмалар:</b>	«Кері байланыс ұйымдастыр» топтық жұмыс, өзін-өзі және бірін-бірі бағалау, топтық тапсырма және қорғау, рефлексия.
<b>Сабақ бойынша мұғалімдердің іс-әрекеті:</b>	

<b>Тапсырмалар</b>	<b>Сабақтың іс-әрекеті</b>	<b>Мұғалімдердің іс-әрекеті</b>
<b>Т о п қ а бөліну.</b>  <b>« М и ғ а шабуыл»</b>	<b>« К е з д е с у »</b> жұптық оқыту әдісі арқылы топқа бөліну. <b>I топ:</b> Кездесу уақыты: сағат 6. 00	<b>«Кездесу»</b> жұптық оқыту әдісі арқылы топқа бөлінеді және әуелі өз жұптарымен, соңынан топпен

	<p><b>Талқылайтын сауал:</b></p> <p><i>*Кері байланыс дегеніміз не?</i></p> <p><i>*Керібайланыстың қандай түрлері бар?</i></p> <p><b>II топ:</b> Кездесу уақыты: сағат 12.00</p> <p><b>Талқылайтын сауал:</b></p> <p><i>*Кері байланыс не мақсатпен жүргізіледі?</i></p> <p><i>*Кері байланыс сабақтың қай кезеңінде жүргізіледі?</i></p>	<p>ақылдаса отырып, сұрақтарға жауап береді. Кімнің орындығының артында стикер жапсырулы болса, топтың ортақ шешімін сол баяндайды.</p>
<b>Шағын дәріс</b>	<p>Слайд бойынша кері байланыс түрлері, әдістері туралы қысқаша мәлімет беру.</p>	<b>Мұғалімдер түргіп алады.</b>
<b>«Ой шақыру» Фильмнен үзінді көрсету</b>	<p><b>«Қыз Жібек» фильмінен үзінді көрсету.</b></p> <p><b>1. Қай фильмнен үзінді көрдіңіздер?</b></p> <p><b>«Адасқан оқиғалар» әдісі.</b></p>	<p>Фильмнен үзінді көріп, сұрақтарға жауап береді.</p>


<p><b>Кері байланыс</b></p>	<p>Осы фильм ұнай ма сіздерге?          -Фильм туралы көңіл күйлеріңізді смайлик арқылы білдірсеңіздер.</p> 	<p>көңіл күйлерін смайлик арқылы білдіреді.</p>
<p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p><b>I топ:</b> 1. Бұл фильмді кім түсірген? Қай жылдары?          2. Бұл киноны түсіруге негіз болған қандай жанр?  <b>II топ:</b> 1. «Қыз Жібек» жырында қазақ халқының қай кездегі тарихы суреттелген?</p>	<p><b>Топтар бірлесіп отырып, сұрақтарға жауап береді.</b></p>

	<p>2. Бұл жырдың туған жері, оқиға өткен жер Қазақстанның қай аймағы?</p>	
<p><b>Ш а ғ ы н д ә р і с</b></p>	<p>Слайд арқылы сұрақтардың толық дұрыс нұсқасы көрсетіледі.</p> <p>1. 1970ж. режиссер С ұ л т а н а х м е т Қожықов түсірген. Сценарий авторы Фабит Мүсірепов.</p> <p>2. Бұл киноны түсіруге негіз болған – лиро-эпостық жанр.</p> <p>3. «Қыз Жібек» жырында қазақ халқының XV-XVI ғ.тарихы суреттелген.</p> <p>4. Бұл жырдың туған жері, оқиға өткен жер – Батыс Қазақстан. Қособа, Жайық, Еділ деген жер-су аттары тарихи шындықпен сәйкес келеді. Сонымен бірге, жырдағы ру,</p>	<p><b>М ұ ғ а л і м д е р</b> түртіп алады.</p>

	<p><i>тайпа аттары күні бүгін де дәл солай аталады. Мыс: жағалбайлы, тама, шекті, адай, жаппас, т.б.</i></p>	
<p><b>К е р і байланыс</b></p>	<p><b>«Бес саусақ» әдісі</b></p> <p><i>Бас бармақ – білетінім.</i></p> <p><i>Сұқ саусақ – білгенім.</i></p> <p><i>Ортаңғы саусақ – әлі де білгім келеді</i></p> <p><i>Аты жоқ саусақ – мен үшін жаңа ақпарат</i></p> <p><i>Шынашақ – мені таңғалдырады.</i></p>	<p>«Бес саусақ» әдісі арқылы алған білімдерін өздері бағалайды.</p>
<p><b>Ж ы р нұсқасын о қ у . « Е л ш і » әдісі</b></p>	<p><b>I топ:</b></p> <p>жырдың 1-бөлімін оқиды.</p> <p><b>II топ:</b></p> <p>жырдың 2-бөлімін оқиды.</p> <p>(«Елші» әдісі арқылы өздері оқыған бөлімді бір-біріне түсіндіреді.)</p>	<p>Екі топтан « Ш ы р п ы » әдісі арқылы е л ш і л е р таңдау. Олар өз мәтіндерін басқа топқа түсіндіреді. Т о п т а р бірігіп елші жұмысына «Екі жұлдыз,</p>



		бір тілек» әдісімен стикерге жазып баға береді.		
Постер жасау	– Біз оқыған жыр мен фильм арасында ұқсастықтар мен өзгешеліктер бар ма? <table border="1" data-bbox="370 555 653 680"> <tr> <td>«Қыз Жібек» жыры</td> <td>«Қыз Жібек» фильмі</td> </tr> </table>	«Қыз Жібек» жыры	«Қыз Жібек» фильмі	Бірлесіп отырып, өз пікірлерін постерге түсіреді.
«Қыз Жібек» жыры	«Қыз Жібек» фильмі			
Кері байланыс	«Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз» әдісі Мұнда қатысушылар жаңа тақырыпты қалай түсінгенін бір сөйлеммен тұжырымдайды. Мыс: Мен бүгін «Қыз Жібек» жырын жақсы түсіндім.	Кері байланыс береді.		
Кластер жасау	-Жырдың бір нұсқасында Жібек Сансызбайға қосылады? Ал бұл әмеңгерлік салтқа			

	<p><i>байланысты ма? Әмеңгерлік дегенге қалай қарайсыз?</i></p> 	<p><b>Т о п т а а қ ы л д а с ы п, к л а с т е р г е с а л а д ы.</b></p>
<p><b>Бағалау</b></p>	<p>Топтар бір-бірінің жұмысын бағалайды, бір-бірінің бағалауына көзқарастарын білдіреді.</p>	
<p><b>К е р і байланыс</b></p>	<p><b>«Бір сөзбен» әдісі</b> Берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын 1 сөзді таңдайды. (<i>қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау, қызығу, ренжу, т.б.</i>)</p>	
<p><b>Топтағы кері байланыс</b></p>	<p><b>Топтық кері байланыс сұрақтары:</b> 1. <i>Жұмыс барысында топтағы қарым-қатынас тапсырманың орындалуына қалай әсер етті?</i> -жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыруға көмектесті; - жұмыстың жақсы жүруіне кедергі болды; - біздің қарым-қатынасымыз тапсырманы нақты орындауға мүмкіндік бермеді.</p>	

	<p><b>2.</b> <i>Топтағы қарым-қатынас қай дәрежеде көбірек іске асты?</i>  - <i>ақпарат алмасуда;</i>  - <i>өзара қарым-қатынаста;</i>  - <i>осы дәрежелердің бәрінде іске асты.</i></p> <p><b>3.</b> <i>Топта ауызбіршілік сақталды ма?</i>  - <i>топта ауызбіршілік пен серіктестік қарым-қатынас сақталды;</i>  - <i>топтағы серіктестік бұзылғаны байқалды.</i></p>
<p><b>О қ у м а т е р и а л ы н ы ң м а з м ұ н ы н а б е р і л е т і н к е р і б а й л а н ы с</b></p>	<p><b>«Аяқталмаған сөйлемдер»</b>  <b>әдісі</b> арқылы кері байланыс береді.  <i>Мен бүгін ..... білдім.</i>  <i>Мен бүгін ..... сезіндім.</i>  <i>Мен келесі сабақта ..... білгім келеді.</i></p>

Г.К. КОЙШИБАЕВА,  
№25 жалпы орта білім  
беретін мектептің қазақ тілі  
мен әдебиеті пәндерінің  
мұғалімі.  
БҚО,  
Орал қаласы

## МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ “МЕН ТАУЛЫҚПЫН”

### **Оқу мақсаттары:**

**6.3.6.1.** – тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру.

**6.5.1.3.** – реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

### **Сабақ мақсаттары:**

- *Өлеңнің мазмұнын түсінеді;*
- *Мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады;*
- *Реттік, жинақтық сан есімдерді жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.*

### **Бағалау критерийлері:**

- *Өлеңнің мазмұнын түсінеді.*
- *Мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады.*
- *Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады.*

### **Лексикалық минимум:**

*Алып жүрек, таулықпын, еміп ержеткенмін, қуат алып жаратылғам, бүркеніп, жай оты, бесік, желпиді.*

### **Құндылықтарды дарыту:**

*Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік.*

### **Пәнаралық байланыстар:**

Әдебиет, география.

### **Бастапқы білім:**

*«М.Мақатаев – ақиық ақын»*

М.Мақатаевтың өмірбаянына қысқаша шолу.

### **Сабақтың басы:**

Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Топқа бөлу.

Өлең шумақтары арқылы бөлу.

**1-топ.** *Тау дейтін алып жүрек Ана туған...*

**2-топ.** *Күн алғашқы сәулесін маған шашқан...*

**3-топ.** *Асқар шыңдар желпиді бесігімді...*

«Жарайсың! Тамаша!» деп ауызша мадақталады, қолдау көрсетіледі.

### **Өткен сабақты қайталау.**

**Мақсаты:** сұрақтар қою арқылы алдыңғы білімге кері байланыс жасау.

– *М.Мақатаев кім?*

– *Ақынның қандай шығармаларын білесің?*

### **Сабақтың ортасы:**

**Тыңдалымалды тапсырма.**

*Сөздікпен жұмыс.*

**«Графикалық органайзер».**  
**«Сәйкестендіру» әдісі.**

Сөздердің қазақша нұсқасын сурет арқылы сәйкестендіру.

<p><i>алып жүрек</i></p>		<p><i>таулықын</i></p>	
<p><i>еміп ержеткенмін</i></p>		<p><i>қуат алып</i></p>	
<p><i>жаратылғам</i></p>		<p><i>бүркеніп</i></p>	
<p><i>жай оты</i></p>		<p><i>бесік</i></p>	
<p><i>желпиді</i></p>			

### **Дескриптор:**

- жаңа сөзді анықтайды;
- сөздікпен жұмыс жасайды;

**Есептік сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдыр.**

*Мұқағали – Қарасаздан шыққан (бір) ақын. Ақының (бір) әні Қарасаздағы Саржайлауда туған. (Бір) және (екі) әндерінің шығуы композитор Нұрғиса Тілендиевпен байланысты.*

### **Тыңдалым тапсырмасы**

Аудиотаспадан М.Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлеңін тыңдату.

<https://youtu.be/e89erwDweS8>

**I топ:** *Өлеңнің негізгі идеясы мен мазмұнын анықтайды.*

**II топ:** *Өлең бойынша сұрақтар құрастырады. (2 сұрақ).*


**III топ:** *Өлеңдегі бос орындарды толтырады. «Шапалақтау» әдісі арқылы.*

### **Өлеңнің мазмұнын талдау сұрақтары:**

- *Таудың қай қасиетін ақын ерекше суреттеді?*
- *Асқар шыңдар желпиді бесігімді,  
Бір орамын ағытып сәлдесінің –  
деген тармақтарды қайталап оқы, көз аладарыңа қандай бейне елестейді?  
– “Сәлде” сөзі қай заттық ұғымның орнына жұмсалып тұр? Асқар шыңның түсі қандай? Сөз*

образын, көріністі, бейнені сипаттап көр.

- *Өлеңдегі тауды сипаттайтын сөздерді белгіле, кластер жаса.*



### **Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.**

Оқушылар топтық жұмыста мұғалімнің көмегімен өлеңнің мазмұнын анықтап, өлең мазмұнын өмірмен байланыстырады. Мынадай сұрақтың аясында постер жасап, топтың алдында қорғайды.

- *Мұқағали Мақатаев сынды ақындар, жазушылар өз туған жерлерін өлең-жырмен, прозамен айшықтап, әдемі сөзбен өрнектей білген. Әр адам өз туған жерін мақтанышпен еске алады, әңгімелейді. Туған жерлеріңді ақын сияқты қалай сипаттар едіңдер және қандай сезіммен жеткізер едіңдер?*

### **Дескриптор:**

- *өлең тақырыбын анықтайды;*
- *өлеңдегі ойды өмірмен байланыстырады*
- *туған жерлері туралы сипаттамалары мен сезімдерін өзіндік көзқарастарымен жеткізеді.*

### **Сабақтың соңы: Рефлексия**



## «Мадақтау сэндвичі» әдісі

### РЕФЛЕКСИЯ «МАДАҚТАУ СЭНДВИЧІ»

**1 бөлік** –не ұнады?

**2 бөлік** –нені жақсарту керек?

**3 бөлік** –маған ұнады, бірақ келесі жолы ...



### Қорытынды бөлім:

1. Оқушылар М.Мақатаевтың шығармашылығына байланысты өз ойларын ортаға салады.


2. Оқушылар «Үміт ағашына» екі жұлдыз бір тілектерін жазып, іледі.



Бағалау.

Үйге тапсырма.

6 тапсырма 62 бет. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін таңдап, жаз.



**Ө. АЙТЖАНОВ,**  
**Бидайық ЖОББМ,**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
 Қарағанды облысы,  
 Жаңаарқа ауданы

## **ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІН БІЛЕМІЗ БЕ?**

<p><b>О с ы</b>  <b>сабақта қол</b>  <b>жеткізілетін</b>  <b>оқу мақсаттары</b></p>	<p><b>5.ӘТНЗ</b> – сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есімнің орнына қолдана білу;  <b>5.1.3.1</b> – тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.</p>
<p><b>Тілдік мақсат</b></p>	<p><b>Пәнге тән лексика мен терминология:</b> <i>сын есім, күшейтпелі шырай, салыстырмалы шырай, Қиылыста, жол шетінде, бұрышта.</i></p> <p><b>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:</b> <i>қызыл шеңбер, ішіндегі таңбалар, тыйым салады, өтіп кетпе тып-тыныш, шеті қызыл үшбұрыш.</i></p>

<b>Бағалау критерийлері</b>	<p>1. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p> <p>2. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.</p> <p>3. Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану.</p>	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	<p><i>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары: Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.</i></p>	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	<p>Өмір қауіпсіздігі</p>	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	<p>Интербелсенді тақта</p>	
<b>Бастапқы білім</b>	<p>Жол ережелері, бағдаршам және жаяу жүргінші белгілерін, жол белгілерін ажыратады.</p>	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b>	<p>1. Оқушылармен амандасып, түгелдеу.</p> <p>2. Жол белгілерін таңдауына қарай топқа болу.</p> <p>3. Психологиялық ахуал туғызу.</p>	<b>Интербелсенді тақта</b>



	<p><b>Тапсырма:</b> Көрсетілген бейнероликтен сын есімдерді теріп жазыңдар.</p> <p><b>«Ашық микрофон» әдісі</b>  (Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, мәтінге байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді.)</p> <p><b>I. Жол белгілері</b> – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге ақпарат беру мақсатында жол бойына қойылатын арнайы белгілер.</p> <p><b>Жол белгілері 7 топқа бөлінеді:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1). ескерту белгілері;</li> <li>2). басымдылық белгілері;</li> <li>3). тыйым салу белгілері;</li> <li>4). міндеттеу белгілері;</li> <li>5). ақпараттық-көрсеткіш белгілері;</li> <li>6). қызмет көрсету белгілері;</li> <li>7). қосымша тақтайшалар.</li> </ol>	
	<p><b>II.</b>  Қиылыста, жол шетінде, бұрышта</p>	

Түрлі-түрлі белгілер бар  
тұратын.

Жүресің бе, жүрмегенің дұрыс  
на?

Не істеу керек? Соған қарап  
ұғасың.

Қызыл шеңбер ішіндегі  
таңбалар

Әлденеге қатаң тыйым салады.

Өміріңді қорғауға олар арналар,

Білемеген жан өкінішке қалады.

«Мына жерге кірмегенің жөн»  
дейді,

«Мына жермен жүрмегенің  
жөн» дейді.

«Кері бұрыл, тоқтама не  
бұрылма,

Сонда саған ешбір қауіп  
төнбейді».

Белгілердің мәнін білу — мықты  
күш,

Келесісі – шеті қызыл  
үшбұрыш.

Бұл белгілер ескертеді, біліп ал,

Көңіл бөлмей өтіп кетпе тып-  
тыныш.

Қиылыс па, бұрылыс па алдыңда.

Темір жолға таяп әлде қалдың  
ба?

Өзен бар ма, көпір бар ма, ор  
бар ма?





<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p>Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:</p> 	
-----------------------------	--	--

<p><b>Саралау</b> – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p> <p>– «Кинометафора» әдісі</p> <p>– «Ашық микрофон» әдісі</p>	<p><b>Бағалау</b> – оқушылардың материалды меңгеруденгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p> <p>Дескриптор арқылы балл қойылады.</p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b></p> <p>Ток көздерінен сақ болу.</p>
--	--	--

<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p> <p><i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?</i></p> <p><i>Оқушылардың барлығы</i></p>	
--	--



<p>ОМ қол жеткізді ме?  Жеткізбесе, неліктен?  Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?  Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?  Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>		
---	--	--

**Жалпы баға**

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

**Бағалау парақшасы**

№	Топ аты Топ мүшелері	1-тапсырма «Кино- метафора» әдісі	2-тапсырма « А ш ы қ м и к р о ф о н » әдісі	3-тапсырма Деңгейлік тапсырма	Бар- лығы

**Ж. М. АЛДАБЕРГЕНОВА,**  
**Н.Ә.Марабаев атындағы**  
**№7 мектеп-лицейдің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
 Маңғыстау облысы,  
 Ақтау қаласы

## АТА, БАТА БЕРІҢІЗ!

<b>Дағды</b>	<b>Тыңдалым</b>
<b>О қ ы т у мақсаттары</b>	<p><b>Т.4.1.3.1</b> тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин.) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/ сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/ кластер құрастыру;</p> <p><b>Т. 4.1.5.1</b> тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау;</p> <p><b>Т.4.1.1.1</b> анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба(тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру.</p>
<b>Т і л д і к міндеттер</b>	Қыдыр ата, бата, аманат, аңыз.
<b>Алдыңғы білім</b>	Ұлттық аспаптар

### Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі	Жоспарланған оқыту іс-әрекеттері	уақыты	Қ а р . кат	О қ ы т у ресурстары
Кіріспе	«Микрофон» әдісі арқылы алдыңғы білімге қатысты сұрақтар қойылады. Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Алдымен микрофонды мұғалім алып, өткен тақырыпқа қатысты бір сұрақ қояды. Жауап берген оқушы келесі	<b>3 мин.</b>		суреттер Оқулық.

	<p>оқушыға бір сұрақ қояды. Осылай ойын жалғасады. Бұл алдыңғы білімді жаңа біліммен ұштастыру мақсатында жүргізіледі. <b>«Жаңа сөз үйрен» айдары</b> оқушыларды сабаққа қатысты жаңа сөздерді меңгерту мақсатында жүргізіледі. <b>Сөздік жұмыс:</b>Қыдыр ата, бата, аманат, аңыз</p> <p><b>1.</b> Осы сөздердің мағыналарын түсіндіру. Қарапайым анықтама беру, сөйлем құру әдісі арқылы Мысалы, «бата» деген сөзді меңгерту керек болса, «үлкен кісілер тілек айтады» деп түсіндіріп, ары қарай мысалдар арқылы сөйлемде қолданылуын көрсеткен дұрыс.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– <i>Жаңа сөздерді дұрыс айтуға айтады.</i></li> <li>– <i>Жаңа сөздерден сөз тіркестерін құрастырады.</i></li> <li>– <i>С ө й л е м д е р құрастырады. Мұғалім ауызша комментарий береді. «Жақсы! Тамаша! Керемет!»</i></li> </ul>	<p><b>5 мин.</b></p>		
--	---	----------------------	--	--

<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p><b>«Анықта / ойлан» аядарындағы</b> бұл тапсырма оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамыту мен қатар, сөйлеу дағдысын да жетілдіруге бағытталды. Сөйлемдерді атауымен сәйкестендіреді. <b>1. Ертеде бір қобызшы болыпты. Ол адамға тыныш жер іздейді. Көп елді аралайды. Ең соңында адам ұзақ өмір сүретін жерді табады. 2. Менің сізге айтатын өтінішім бар. Айтып барыңыздаршы. Балам ешқашан ақшаға, алтынга қызықпасын. 3. Бақытты бол, балам! Жолың болсын!</b></p>	<p><b>10 мин.</b></p>		<p><b>Суреттер оқулық</b></p>
	<p><b>«Кел сөйлесейік» аядарымен</b> ұсынылған тапсырманы <b>«Бірге ойлаймыз» стратегиясы</b> арқылы оқушылар тақырып бойынша меңгерген сөздерді пайдаланып, сурет бойынша сөйлемдер құрастырады және оқиғаны жалғасын болжап айтады. Сөйлемдерді құрастыру үшін мұғалім сұрақтар қою арқылы оқушыларды жетелеп отырады. Мысалы: <b>1. Суреттен кімдерді көріп тұрсың? 2. Кім бата беріп жатыр? 3. Суреттегі қандай қала?</b> Осы сияқты сұрақтарға оқушылардың берген</p>			

	<p>жауаптары сөйлем немесе шағын әңгімеге айналады. Әр суретке жеке тоқтап талқылайды. Өртоп өз нәтижелерін көрсетеді, басқа топтар «<b>Екі жұлдыз, бір тілек</b>» әдісі арқылы бағалайды.</p> <p><b>Дескриптор:</b>  <i>С ұ р а қ т а р ғ а жауап бере алады.</i>  <i>С ө й л е м д е р д і д ұ р ы с құрастырады.</i>  <i>Шағын әңгіме құрастырады.</i></p>	<p><b>10 мин.</b></p>		<p><b>оқулық</b></p>
	<p>Бұл – оқушылардың тыңдалым дағдысын дамытуға, тыңдау арқылы мәтіннің мазмұнын түсінуіне көмектесетін аудиожазбасы бар тапсырма. Тапсырма бүкіл сыныппен және жеке жұмыс жасауға арналған. «<b>Тыңда және толықтыр</b>» айдарындағы тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемді толықтырады.</p>	<p><b>2 мин.</b></p>		<p><b>Аудиодиск Оқулық дәптер</b></p>



Қазақ әдебиеті – ортақ әдіс, озық тәжірибе


Д. Т. БИСЕНОВА,  
№12 Ф.Досымова атындағы  
орта мектебінің  
қазақ тілі мен  
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.  
Атырау қаласы




**ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ**  
**“ЖАУ ТЫЛЫНДАҒЫ БАЛА”**  
**ПОВЕСІ**  
*(Қорытынды сабақ)*

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	<b>Т/Ж1</b> Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні, әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау. <b>Т/Ж 4.</b> Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашу. <b>Б/С.1.</b> Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.
<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>1.</b> Тарихи деректер көрініс табатын эпизодтарды түсіндіре алады. <b>2.</b> Кейіпкерлер бейнесін ашудағы автордың көркемдік тәсілдерін түсіндіре алады. <b>3.</b> Повестің тарихи және көркемдік құндылығына баға бере алады.
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Пән лексикасы және терминология:</b>

	<p><i>Тарихи құндылық – тарихи деректердің көркем шығармада шынайы суреттелуі; көркемдік құндылығы – автордың көркемдік тәсілдерді тиімді қолдануы, өмір шындығын жинақтап бере алуы. Кейіпкер әрекеті, суреттеу, сипаттау.</i></p>
<b>Осыған дейін меңгерілген білім</b>	Повестің мазмұнын біледі.

